Сыр бойы

№113-114
(20387-20388)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

30 шілде, сенбі 2022 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/ www.instagram.com/syrboyi_kz https://twitter.com/syrboyi t.me/syrboyi_kz

2 Кенжелеген кәсіпкерлікке шынайы қолдау қажет



6 Жоспар ауқымды, жауапкершілік зор

7 Мұнай мұнарасында маздаған шырақ

8 Шымырлар шыңдалған фестиваль

ПРЕЗИДЕНТ

БАҒДАРЛАМА БАРЫСЫ БАЯНДАЛДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Премьер-министрдің орынбасары Ералы Тоғжановты қабылдады.



Мемлекет басшысына Халықтың табысын арттыру бағдарламасының жүзеге асырылу барысы туралы мәлімет берілді.

Ералы Тоғжанов Қасым-Жомарт Тоқаевқа бірінші жартыжылдықтың қорытындысы бойынша Бағдарлама шаралары аясында бюджет саласындағы 850 мың қызметкердің, квазисектордың өндірістік бағытында жұмыс істейтін 240 мың және бизнес құрылымдарындағы 1,2 миллион еңбеккердің жалақысы өскенін баяндады.

Президентке Үкіметтің барлық әлеуметтік міндеттемелерді орындап жатқаны туралы айтылды. Жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, табысы жоқ азаматтардың экономикаға әлеуметтік тұрғыдан жұмылдырылуына қатысты кешенді шаралар атқарылып жатыр. Бұл ретте оларға жұмыс орындары ашылып, жаңа кәсіп түрлерін меңгеру үшін біліктіліктерін арттыруға мүмкіндік жасалуда.

Премьер-министр орынбасарының айтуынша, 2025 жылға дейінгі инвестициялық жобаларды жүзеге асыру аясында 2 миллионнан астам жұмыс орнын ашу жоспарланған. Оның 444 мыңы биыл ашылмақ. 1 шілдедегі мәлімет бойынша 249 мың адам жұмыспен қамтылған. Бұл жылдық жоспардың 56 пайызына сәйкес келеді.

Әкімдіктермен бірлесіп, өңдеу өнеркәсібі, мұнай-газ химиясы салаларында және аграрлық секторда 2025 жылға дейінгі инвестициялық жобалар пулы жасақталған. Бұл тізімде 266 мыңнан астам адамды жұмыспен қамтитын 847-ге жуық жоба бар.

Сонымен қатар Мемлекет басшысына «Жастар тағылымдамасы» және «Алғашқы жұмыс орны» жобалары бойынша тағылымдамадан өту мерзімін ұзарту, еңбекақы көлемін арттыру және жастардың жаңа бизнес идеяларын жүзеге асыруға бөлінетін гранттардың көлемін өсіру жөнінде баяндалды. Халықтың әлеуметтік жағдайы төмен топтарына жататын азаматтардың тұрақты табыс табуы үшін жағдай жасалуда және әйелдерді жұмыспен қамту тетігі әзірленді.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы халықтың табысын арттырудың маңыздылығын және мұның ұлттық жобаларда көзделген мақсаттарға қол жеткізуге тікелей байланысты екенін атап өтті. Үкіметке аталған мәселелерді ерекше бақылауда ұстау тапсырылды. Президент азаматтардың табысын арттыру жұмыстары барлық орталық және жергілікті атқару органдары үшін басты міндет болуға тиіс деп санайды.

МЕМЛЕКЕТТІК МАРАПАТ

Азамат ердің «Айбыны»

Кеше Асқар Тоқмағанбетов атындағы қалалық мәдениет үйінде Қаңтар оқиғасы кезінде жауынгерлік қызметін адал орындаған, қылмыскерлерді ұстау барысында қырағылық көрсеткен № 5547 әскери бөлімінің жасақ командирі, майор Мұхит Аманбаевқа II дәрежелі «Айбын» ордені табысталды.

Ақтілек БІТІМБАЙ, «Сыр бойы»

Салтанатты іс-шарада облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев командирге құрмет көрсетіп, жанқиярлық ерлігі үшін аймақ жұрты атынан ілтипатын білдірді.

8-бет

СҰХБАТ

Нұрлыбек Нәлібаев, облыс әкімі:

«ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫН КӨТЕРУ – БІЗДІҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТІМІЗ»

– Нұрлыбек Машбекұлы, облыс басшылығына келгеніңізге 100 күннен ауды. Әдетте, осы мерзімде қызмет барысы елекке түсіп, алдағы бағдар айқындалады. Қазір жаңа кезеңнің бастауында тұрмыз. Халық өзгеріске әркез ынталы. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев тың мақсат-міндеттер жүктеп Жаңа Қазақстанға бетбұрыс басталды. Айтыңызшы, өңір алдындағы өте маңызды мәселелер қандай?

– Шынында да, біз егеменді ел ретінде жаңа тарихи кезеңге қадам бастық. Президентіміздің бастамасымен адал әрі әділеттілік қағидасына негізделген Жаңа Қазақстан қоғамын құру талабы тұр. Дәл қазіргідей сәтте әлемдік экономика, саяси ахуал өте құбылмалы, әрі шапшаң өзгерістерге толы. Сондықтан әрбір азаматтың алдында үлкен міндет, асқан жауапкершілік тұр. Бұл ретте табанды түрде еңбек етуіміз керек.

Мемлекет басшысының сенім білдіруімен, Сыр еліне жаңа лауазымда қайта оралып, елге, туған жеріме басшы болу – мен үшін аса мәртебелі әрі жауапкершілігі зор міндет деп санаймын. Халықтың әл-ауқатын көтеру біздің стратегиялық мақсатымыз. Әрине, өңір тіршілігі проблемасыз болмайды. 100 күннің ішінде өңір өміріндегі бірқатар мәселенің ара-жігін саралап алғандаймыз. Бірақ, бұл басы. Аймақтың ахуалы біз үшін жақсы таныс.

Өздеріңіз білетіндей, 5 маусым күні өткен жалпыхалықтық референдумда Сыр елі жоғары белсенділік танытып, елдік істе ауызбіршілік көрсетті. Соның айқын дәлелі болса керек, аймақтар арасында екінші тұғырдан көріндік. Бұл сөзсіз жерлестерімнің Президентіміз ұсынған саясат пен маңызды бастамаларды қолдайтынының айғағы. Қазіргі таңда біз Мемлекет басшысының «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына Жолдауында берілген тапсырмаларын орындауға білек сыбана кірістік.

Саяси-экономикалық реформаларды жүзеге асырудың арқасында өңір дамуында оң тенденция қалыптасты.

Айталық, соңғы 6 айдың қорытындысымен өңдеу өнеркәсібі 105,8%-ға, ауыл шаруашылығы өндірісі көлемі 101,5%-ға артты. Экономикаға тартылған инвестициялар 117,1%-ға, әсіресе жеке инвестициялар көлемі едәуір ұлғайды.

Құрылыс жұмыстарының көрсеткіші 127,4%-ға, пайдалануға берілген тұрғын үйлер үлесі 104,9%-ға өсті.

Оның нақты дәлелі – биыл 1300-ге жуық отбасына көппәтерлі 31 тұрғын үйді пайдалануға береміз, оның ішінде Байқоңыр қаласында 250 отбасына арналған жалға берілетін 5 тұрғын үй бар.

Экономиканы орнықты дамытудың негізгі көзі саналатын шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 107,9%-ға және сауда көлемі 101,8%-ға артты.

Бизнестік ортаның сапалы параметрлеріне сәйкес жыл басынан бері 11 мыңнан аса жаңа жұмыс орны ашылды, оның 6 мыңға жуығы тұрақты жұмыс орындары санатында. Осыған сәйкес жұмыссыздық деңгейін 4,9 пайыз көлемінде ұстап тұрмыз.

– Мемлекет басшысының тоқтағалығымен өткен Үкімет отырысында Қасым-Жомарт Тоқаев бірқатар аймақта тұрғындардың орташа табысы республикалық деңгейден төмен екендігін, оның ішінде Қызылорда облысы халқының табысы төмендегенін айтты. Президенттің осы сынынан кейін қандай шаралар қабылданады? Қандай да бір жаңа жұмыс орындары ашыла ма?

– Аймақ халқының тұрмыс сапасын арттыру үшін бізге экономикалық өсім мен жаңа жұмыс орындары керек.

Расында, Қызылорда өңірінде соңғы 2 жылда халықтың табыс көлемі төмендеп кеткен. Мәселен, 2019 жылы халықтың нақты қаржылық табысы алдыңғы жылмен салыстырғанда 109,4 пайыз болса, 2020 жылы өсу динамикасы біршама төмендеп, 103,8%-ды құрады. 2021 жылы көрсеткіш тағы да төмендеп, 99,9%-ды көрсетті. Қазіргі таңда бұл бағытта нақты шаралар қабылдау үшін жұмыс жүргізудеміз.

Халық табысын арттырудың бірден-бір жолы – жаңа инвестициялық жобаларды іске асыру.

Бұл міндетті жүйелі іске асыру мақсатында арнайы Іс-қимыл жоспарын бекіттік.

Қазірдің өзінде 30490 жаңа жұмыс орнын құру межесі белгіленіп, 6 ай ішінде 11 836 жаңа жұмыс орнын аштық. Оның ішінде 5491-і тұрақты жұмыс орындары ретінде сақталады.

Аймағымыздың инвестиция тарту әлеуеті де жоғары. Республика бойынша алдыңғы бестікке еніп, 127,7 млрд. теңгенің инвестициясы тартылды. Бұл шаралар нәтижесінде жергілікті бюджеттің түсімдері 102,9%-ға өсіп, оның ішінде бюджеттің өз кірістері 123%-ға немесе 6,1 млрд теңгеге артық орындалды. Мемлекет басшысы тапсырмаларының тиянақты, әрі сапалы орындалуы өзімнің жеке бақылауымда болады.

3-бет

БАС ЖҮЛДЕ – БАЙЖАНОВТАРДА

Кеше «Достық үйінде» «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының облыстық жеңімпаздарын марапаттау салтанаты өтті. Жеңімпаздарды облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев құттықтады.

Гүлбану МАҚАЖАН, «Сыр бойы»

– Қазақ халқы үшін отбасы – қасиетті ұғым, қастерлі құндылық. Отбасының бірлігі – отанның беріктігі, ағайынның татулығы – атамекеннің тұтастығы, ұлттық тәрбиенің, адамгершілік пен имандылықтың бастау бұлағы. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Әрбір отбасын сақтау – отанымыздың берік болуының кепілі. Олардың әрқайсысына тұтастық пен татулықтың дәстүрін орнықтыруымыз керек», деген болатын. Бүгінде елімізде отбасы институтына қамқорлық пен көмек үздіксіз көрсетіліп келеді. Ана мен баланы қорғауға арналған мемлекеттік қолдаулар жыл сайын жетілдірілуде. 2014 жылдан бастау алған «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсы отбасы құндылықтары мен қазақ үшін қашанда киелі саналатын бір шаңырақ астында берекелі өмір сүрудің маңыздылығын насихаттауда орны ерекше, тағылымды іс-шара. Бұл байқауға қатысқан отбасылардың барлығы да – нағыз мерейлі жеңімпаздар, – деді аймақ басшысы.

Ұлттық құндылықтар мен әр шаңырақтың береке-бірлігін арттыруды насихаттайтын іс-шараға қатысушылар қатары жыл сайын артып келеді. Облыстық іріктеу кезеңінің қорытындысы бойынша жалағаштық Маштаевтар отбасы жүлделі III орынды, Шиелі ауданынан қатысқан Рыспембетовтер әулеті жүлделі II орынды иеленді. Қызылорда қаласының Ермановтар отбасы I орынға лайық деп танылды. Ал шиелілік Байжановтар отбасы байқаудың бас жүлдесіне ие болды. Жеңімпаз атанған әулеттің ақсақалы Сәрсенбек Байжанұлы – соғыс ардагері. Ұлы Отан соғысының II дәрежелі, «Қызыл жұлдыз» ордендерімен және «Германияны жеңгені үшін», «Еңбек ардагері», «Кеңес одағының маршалы Г.К.Жуков» және басқа да көптеген мерекелік медальдармен марапатталған. Шиелі ауданының құрметті азаматы. Жары Жәмила Сейтжановамен бірге 11 бала, 41 немере, 50 шөбере өрбіткен өнегелі әулет. Облыс әкімі жеңімпаз атанған отбасыларға бағалы сыйлықтар мен арнайы дипломдар табыстады.

Сондай-ақ, байқауға белсенді қатысып, ұлттық құндылық пен отбасы мерейін жоғарылату бағытындағы өнегесін көрсете білген отбасыларды арнайы номинациялармен марапаттады. Атап айтқанда, қазалылық Сүлейменовтер әулеті «Өнерлі отбасы», қармақшылық Бердібаевтар отбасы «Өнегелі отбасы», қармақшылық Шамшатовтар әулеті «Үлгілі отбасы», жалағаштық Бекниязовтар шаңырағы «Берекелі отбасы», аралдық Сыдықовтар әулеті «Талант тұғыры отбасы», сырдариялық Есенхожаевтар әулеті «Озат отбасы», жаңақорғандық Төлегеновтер әулеті «Толағайлар отбасы» номинациясын иеленді.

Ұлағатты шаңырақ иелерінің мерейлі сәтінде Қазақстанның еңбек сіңірген артисі К.Қалымбетова, ҚР Мәдениет қайраткері Р.Ахметов пен жыраудың шәкірттері, «Реверанс» би тобы өнер көрсетті. Мақсат пен Дана дуеті «Мерейлі отбасы» әнін тарту етті.

Биыл байқауға облысымыздың барлық ауданынан 178 отбасы қатысты. Отбасы – алтын ұя, киелі ошақ. Шаңырақ шаттығы мен ұлттық тәрбиені ұлықтаған Байжановтар отбасы Сыр өңірінің атынан ұлттық байқауға қатысуға жолдама алды.

Дерек пен дәйек

Кейінгі 10 жылда облыс әкімінің грантын 1249 студент иеленген. Оның 764-і оқуды бітіріп, 548-і жұмыспен қамтылған, 124-і жұмыспен қамтудың белсенді шараларына тартылған.

Биыл 170 студент оқуды аяқтап, диплом алған. Олар жұмыс іздеуші ретінде тіркеуге алынып, 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту ұлттық жобасы, «Ұрпақтар сабақтастығы» мен «Алғашқы жұмыс орны» жобалары бойынша жұмыспен қамтылады.

Биылға облыс әкімінің 100 гранты, оның ішінде: білім саласына (денешынықтыру және спорт – 2, орыс тілі мен әдебиеті – 5, математика – 7, шет тілі пәндерінің мұғалімі – 5) 24, ауыл шаруашылығы саласына (су ресурстарын басқару) 5, өндірістік және өңдеу салаларына (азық-түлік өнімдерінің технологиясы) 5, инженерия және инженерлік іс саласына (инженер-энергетик – 5, жылу энергетикасы – 5) 10, ветеринария саласына (ветеринар дәрігер) 5, журналистика және ақпарат саласына (журналист) 5, әлеуметтік ғылымдар бойынша (дінтанушы – 5, әлеуметтанушы – 5, саясаттанушы – 3) 13, мәдениет саласына (дәстүрлі музыка өнері) 3, денсаулық сақтау саласына (жалпы тәжірибелі дәрігер) 30 грант бөлінді.

ТАҒАЙЫНДАУ

МЕЙРАМБЕК ШЕРМАҒАНБЕТ – БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ БАСШЫСЫ

Кеше актив отырысында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев облыстық білім басқармасының басшысы лауазымына тағайындалған Мейрамбек Шермағанбетті таныстырды.

Ғазиза ӘБІЛДА, «Сыр бойы»

– Алдын ала өткізілген конкурстың нәтижесімен және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің келісімі негізінде Шермағанбет Мейрамбек Зинабдинұлы Қызылорда облысы білім басқармасының басшысы лауазымына тағайындалды. Өмір жолы бізге жақсы таныс. 1972 жылы Қызылорда облысында туған. Бұған дейін облыстық білім басқармасының басшысы болған. Осы салада біраз жыл еңбек етіп, білім саласының дамуына өзінің үлесін қосты. Мейрамбек Зинабдинұлы тек білім саласында ғана емес, мемлекеттік қызметтің түрлі сатысынан өткен тәжірибелі азамат. Бір облыста емес, басқа өңірлерде басшылық қызметтерді атқарды. Білім саласы біздің өңірдегі ең ауқымды саланың бірі. Ағымдағы жылы сала бюджеті 201 млрд теңгені құрап отыр. Бұл облыс бюджетінің екіден бір бөлігі. Бүгінде білім саласында қордаланған мәселелер де аз емес. Мемлекет басшысының Жолдауларынан білім саласына қатысты туындайтын міндеттерді, «Білімді ұлт» жобасы аясында облысымызға белгіленген индикаторларды сапалы жүзеге асыруда Мейрамбек Зинабдинұлы осы кезге дейінгі жиған тәжірибесін арнайды деп есептеймін, – деді облыс әкімі.

Мейрамбек Зинабдинұлы Шермағанбет еңбек жолын ауыл мектебінде тарих пәнінің мұғалімі болып бастаған. 1995-2000 жылдары Жаңақорған ауданындағы №163 орта мектептің мұғалімі, мектеп директорының орынбасары болған. 2001 -2004 жылдары Жаңақорған ауданы әкімі аппаратының басшысы қызметін атқарған. 2005-2007 жылдары Қызылорда облысы әкімі аппараты басшысының орынбасары, 2007-2009 жылдары облыстық білім басқармасының басшысы, 2009-2011 жылдары облыстық тілдерді дамыту басқармасының басшысы, 2011-2016 жылдары облыстық аумақтық білім саласын бақылау департаментінің басшысы болды. 2016-2020 жылдары Ақтөбе облысы Қобда ауданының әкімі, 2020-2021 жылдары Ақтөбе облысы әкімінің орынбасары қызметін абыроймен атқарған. 2021 жылдың мамыр айынан бастап «Орда Инвест» корпорациясы басқарма төрағасының орынбасары қызметін атқарып келген.

Облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы С.Дүйсенбаев білім басқармасының басшылығына тағайындалған М.Шермағанбеттің қызметіне сәттілік тілеп, оның осы саладағы білімі мен тәжірибесіне сенім артты.

Өз кезегінде облыстық білім басқармасының басшысы Мейрамбек Шермағанбет елдің өзіне артып отырған жауапкершілігі мен сенімін ақтап, туған жері – Сыр елінің дамуына, оның ішінде білім саласының алдында тұрған жаңа міндеттерді атқаруда аянбай қызмет ететінін айтты.

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС ЖҮЙЕЛІ ЖҮРГІЗІЛЕДІ

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен облыс әкімі жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі комиссия отырысы өтті.

Жиынға құқық қорғау органдарының, салалық басқарма, департамент басшылары, ал қала және аудан әкімдері селекторлық режимде қатысты. Комиссия отырысының күн тәртібінде 4 мәселе қаралды. Құқық қорғау саласының өкілдері аталған мәселелер бойынша баяндамашыларға өз сауалдарын қойып, оны шешу жолдарын талқылады.

Алдымен облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы Ерлан Төрәлиев құрылыс саласындағы орын алған заң бұзушылықтарды жою шараларын ұйымдастыру жөнінде баяндады. Өңір басшысы құрылысы ұзаққа созылған нысандарды қысқа мерзімде аяқтауды, бақылау жұмыстарын күшейтуді, өз міндеттемелерін орындамаған мердігер компанияларға заң аясында қатаң шара қабылдауды тапсырып, құрылыс саласына жауапты қызметкерлердің арасында жемқорлықтың алдын алу жұмыстарын да күшейту керектігін айтты.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе жер телімдерін беру, нысаналы пайдалану бағыттарындағы заң бұзушылықтардың алдын алу шаралары бойынша облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Талғат Дүйсебаев сөйледі. Аталған мәселеде облыс әкімі жауапты сала басшыларына жер қатынастары саласында сыбайлас жемқорлықты болдырмау үшін пәрменді шаралар қабылдауды, игерілмеген жер учаскелерге түгендеу жұмыстарын жүргізіп, мемлекеттің жер қорына қайтару шараларын атқаруды тапсырды.

Аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына тікелей әсер ететін жол инфрақұрылымын дамыту мәселесі де отырыста кеңінен талқыланды. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес жол құрылысы саласындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу мен салдарын жою жұмыстарын үйлестіру бойынша облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Пахуадин Шамұратов сөз алды. Бұл ретте облыс басшысы жауапты басқарма басшысына бірқатар міндеттерді жүктеді. Атап айтқанда, жол құрылысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау шараларын күшейтіп, жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарын салу, реконструкциялау, жөндеу және күтіп-ұстау жұмыстарының сапасына аса мән беру қажеттігін қаперге салды. Мұнан бөлек, жоспарланған кестеге сәйкес және құрылысы жүріп жатқан нысандардың бекітілген жобаға, құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес болуын қамтамасыз етуді тапсырды.

Комиссия отырысында қаралған тағы бір мәселе жергілікті атқарушы орган қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтауы, жобалық басқаруды ұйымдастыруға арналды. Бұл жөнінде облыс бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаменті басшысының бірінші орынбасары Бақытжан Ниязов толыққанды тоқталды.

Өңірдің жемқорлық тәуекелдер картасына сәйкес жол саласы, инфрақұрылым, жер қатынастары, ауыл шаруашылығы, квазимемлекеттік сектордағы мемлекеттік сатып алулар мен өзге де бизнес процестерге қатысты талдаулар жүргізіліп, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін туғызатын факторлар анықталған. Бақытжан Ниязов алдағы уақытта жергілікті билік осы қатерлердің алдын алу бойынша тиісті жұмыстар жүзеге асыратынын жеткізді.

Комиссия отырысы қорытындысымен өңір басшысы қала, аудан әкімдері мен салалық басқарма басшыларына сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды күшейтіп, жемқорлық тәуекелдерін болдырмау жөнінде нақты тапсырмалар берді.

ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

ОРТАЛЫҚҚА ІРГЕЛЕС АУДАН
оңтайлы мүмкіндіктер табуға тиіс

Өткен аптада облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев алқа отырысында аймақтың өзекті мәселелерін саралап, арнайы жиындар ұйымдастырып, облыс орталығы мен аудандардың дамуына талдау жүргізуді тапсырған болатын. Сырдария ауданының әкімі Мұрат Ергешбаев атқарылған жұмыстарды баяндады.

Мәжіліске облыстық, аудандық мәслихат депутаттары, ардагерлер мен қоғамдық кеңес төрағалары, тиісті мемлекеттік орган басшылары қатысты.

Мақсат – ауданның өзекті және проблемалық мәселелерін анықтап, бірлескен түрде оларды шұғыл арада шешу жолдарын қарастыру.

Облыс әкімі аудан басшысының жұмысын бағалап, бірқатар назар аударатын тұстарын да атап өтті.

Ауданның көрсеткіші 4 негізгі бағыт бойынша бағаланды, оның ішінде әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері, жоғары тұрған органдар мен облыс әкімінің тапсырмаларының орындалу барысы, ауданның кадрлық әлеуеті мен қоғамдық-саяси ахуал бар.

2022 жылдың қаңтар-маусым айларындағы аудандар мен Қызылорда қаласы бөлінісіндегі негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша рейтингте Сырдария ауданы 4-орынды алып, орташа дамуы динамикасын көрсетті. Аймақ басшысы ауданның әлеуметтік-экономикалық даму бойынша 6 ай қорытындысымен құрылыс жұмыстары көлемінің төмендеуіне жол берген жалғыз аудан екенін қаперге салып, алдағы уақытта жоспарлы көрсеткіштерге мұқият көңіл бөлуді және салынған нысандардың толық есебін жүргізіп, статистикалық органдарда тіркелуін қамтамасыз етуді тапсырды. Сондай-ақ, аудан бюджетінің кірістер бөлігінің орындалмау қаупі

бар және республикалық бюджеттен нәтижелі жұмыспен қамту бағыты бойынша бөлінген қаражат толық игерілмеуі мүмкін екенін ескере отыра, жұмысты жандандыруды міндеттеді.

Мұнан бөлек, облыс әкімі ауданда жұмыс орындарын құру, индустрияландыру бағдарламасы аясында жобаларды іске асыру бойынша Сырдарияда жұмыс қарқыны баяулағанын тілге тиек етті.

«Сырдария кәсіпкерлік саласы бойынша кенже дамыған аудандардың қатарында. Көпшілік айтатын негізгі себеп – Сырдария ауданы Қызылорда қаласына жақын орналасқан. Мен бұл себепті кемшілік емес, қайта зор мүмкіндік деп есептеймін. Сізге бұл географиялық орналасу ерекшелігін пайдаланып, Қызылорда қаласының айналасынан азық-түлік белдеуін құру мәселесін қарастыруды тапсырамын. Ол үшін ауданда бақша, көкөніс өнімдерін өсіруге және етке негізделген мал, құс шаруашылығын дамытуға жеткілікті жағдай жасалған. Осы жұмыстар тиімді ұйымдастырылған жағдайда халықты ең толғандыратын мәселелердің бірі азық-түлік бағасын тұрақтандыруға оң әсерін тигізері сөзсіз», – деді облыс әкімі.

Екінші бағыт бойынша аймақ басшысы Президент халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына кешенді қолдау көрсетуді үйлестіру мақсатында барлық өңірлерде отбасын қолдау орталықтарын ашу тапсырғанымен, Сырдария ауданында осы уақытқа дейін «Бақытты отбасы» әлеуметтік бөлімі ашылмағанын және облыс әкімінің тұрғылықты халықтың санына сәйкес өзін-өзі әлеуметтік маңызы бар бақша өнімдерімен қамтылуы үшін қосымша 464 гектар егістік жер дайындау туралы тапсырмасы толық орындалмағанын айтып, осы бағыттағы жұмысты тез арада қолға алуды тапсырды.

Сондай-ақ, облыс әкімі аудан әкімдігі тарапынан бүгінгі күнге дейін бірде-бір мемлекеттік бақылау шарасы жүргізілмеген және азық-түлік бағаларын тұрақтандыру мақсатында айналым схемасы арқылы кәсіпкерлік субъектілеріне заем беру жұмыстары мүлдем ұйымдастырылмаған деп ескертті. Нұрлыбек Нәлібаев бюджет қаражатын тиімді әрі сапалы игеру керектігін алға тартып, ауданда құрылысы жүргізіліп жатқан нысандарды уақытылы пайдалануға беруді тапсырды. Қазіргі таңда азық-түліктің басым бөлігі сырттан тасымалданатынын ескере отыра, егіншілікпен айналысам деушілерге жер телімдері табысталатынын кеңінен ақпараттандырып, келесі егін маусымына қазірден-ақ дайындала бастауды міндеттеді.

Бағалаудың келесі бағыты – кадрлық әлеуетті дамытуға байланысты облыс әкімі аудандарда кейбір лауазымды тұлғалар, оның ішінде, әсіресе, мектеп және балабақша директорлары көптеген жылдар бойы бір қызмет орнында қалғанын ескертіп, заңнама аясында ротациялауды қарастыруды тапсырды. Сондай-ақ, қызмет барысында заң бұзушылықтарға жол берген қызметкерлер жауапкершілікке тартылады.

Сонымен қатар, облыс әкімі аудан көлемінде қоғамдық-саяси ахуалға баса назар аударып, тұрақты бақылауда ұстауды тапсырды және соңғы кездері ауданда кейбір қылмыс түрлері өскенін назарға салып, құқық қорғау органдарына жергілікті билік өкілдерімен бірлесіп, жаппай рейд ұйымдастыру әрі тұрғындарға сақтық шаралары туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізу қажеттігін ескертті.

Аймақ басшысы аталған жұмыстарды іске асыру барысында облыстық және аудандық мәслихат депутаттары, ардагерлер мен қоғамдық кеңес мүшелері де белсене атсалысуы керек екендігін айтып, аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуы облыс әкімінің жіті бақылауында болатынын жеткізді.

Айтқандай, межелі көрсеткіштерге қол жеткізе алмаған аудан әкімдері мен өзге де лауазымды тұлғаларға қатысты тәртіптік шара да қарастырылмай қалмайды.

КЕНЖЕЛЕГЕН КӘСІПКЕРЛІККЕ
ШЫНАЙЫ ҚОЛДАУ ҚАЖЕТ

Сондай-ақ облыс әкімдігінде өткен мәжілісте Қармақшы ауданының әкімі Әділбек Ерсұлтанов ауданның түйткілді мәселелерін шешу бойынша қабылданған шаралар мен жасалған жұмыс барысын баяндады.

Мәжіліске облыстық, аудандық мәслихат депутаттары, ардагерлер мен қоғамдық кеңес төрағалары, тиісті мемлекеттік органның басшылары қатысты.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев аудан басшысының жұмысын бағалап, бірқатар назар аударатын мәселелерді атап өтті. Мұнда да негізінен 4 бағыт бойынша жұмыс бағаланып, әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері, жоғары тұрған органдар мен облыс әкімінің тапсырмаларының орындалуы ауданның кадрлық әлеуеті мен қоғамдық-саяси ахуал сарапқа түсті.

Қармақшы ауданы әлеуметтік-экономикалық даму бойынша алты ай қорытындысымен 6-орында, орташа даму динамикасын көрсетті. 10 көрсеткіштің ішінен өнеркәсіп өндірісі, өңдеу өнеркәсібі, шағын және орта бизнес субъектілерімен өндірілген өнім көлемі бойынша нәтиже төмен екені қаперге алынып, 9 ай қорытындысы бойынша оң нәтиже шығару тапсырылды.

Мұнан бөлек, облыс әкімі ауданда жұмыс орындарын құру, индустрияландыру бағдарламасы аясында жобаларды іске асыруда

жұмыс қарқыны баяулағанын жеткізді.

«Индустриялық аймақта 2017 жылдан бері жаңадан жоба орналастырылмаған. Қармақшы кәсіпкерлік саласының дамуы кенже қалған аудандардың қатарында екені белгілі. Біз бизнес қарқынын әлі де үдетуіміз қажет. Аудан әкімдігі өз бизнесін бастаймын, кәсібін кеңейтемін деген ынталы азаматтармен тығыз жұмыс жасап, оларға шынайы қолдау көрсетуі тиіс. Ауданда бақша, көкөніс өнімдерін өсіруге және мал, құс, балық шаруашылығын дамытуға жеткілікті жағдай жасалған. Сондықтан осы жұмыстарды тиісті деңгейде ұйымдастыру аса маңызды», – деді облыс басшысы.

Сондай-ақ бюджет қаражатын тиімді әрі сапалы игеру керектігі, ауданда құрылысы жүргізіліп жатқан нысандарды уақытылы аяқтап, пайдалануға беру тапсырылды. Қазіргі таңда азық-түліктің басым бөлігі сырттан тасымалданады. Осыны ескере отырып, егіншілікпен айналысам деушілерге жер телімдері табысталатыны кеңінен ақпараттандырылуы тиіс. Келесі егін маусымына дайындық бүгіннен пысықталуы қажет. Мұнан бөлек, аймақ басшысы кейінгі кездері жол-көлік оқиға салдарынан қайтыс болғандардың саны күрт өскенін назарға салып, құқық қорғау органдарына жергілікті билік өкілдерімен бірлесіп, жаппай рейд ұйымдастыру әрі тұрғындарға сақтық шаралары туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізу міндеттелді.

Сондай-ақ, облыс әкімі Мемлекет басшысының тапсырмасына сай ашылуы тиіс «Бақытты отбасы» орталығының бөлімі аудан орталығында осы күнге дейін ашылмағанын ескертіп, тез арада іске қосылуын тапсырды және Президент Әкімшілігінің тікелей бақылауындағы мүлік иелерінің бірлестіктерін құру мәселесі әлі де ашық күйінде қалғанын қаперге салды. Бұл жұмыс уақыт оздырмай қолға алынуы қажет.

Кадрлық әлеуетті дамытуға байланысты облыс әкімі аудандарда кейбір лауазымды тұлғалар, оның ішінде, әсіресе, мектеп және балабақша директорлары көптеген жылдар бойы бір қызмет орнында қалғанын ескертіп, заңнама аясында ротациялауды жүктеді.

Жалпы, аталған жұмыстарды іске асыру барысында облыстық және аудандық мәслихат депутаттары, ардагерлер мен қоғамдық кеңес мүшелері белсенділік танытуы қажет. Аудан әкімі Президенттің, облыс әкімінің тікелей өкілі болғандықтан, сол аумақтың тұрғындарын толғандыратын мәселелердің барлығына жауап беруі тиіс.

Әрине, әрбір ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы облыс әкімінің жіті бақылауында.

Ал, қызметіне салғырттық танытып, көздеген межелі көрсеткіштерге қол жеткізе алмаған аудан әкімдері мен өзге де лауазымды тұлғаларға қатысты тәртіптік шара қарастырылатыны ескертілді.

ШИРЫҚТЫРА ТҮСЕР ШАРУА АЗ ЕМЕС

Әр ауданның өзіндік ерекшелігіне сәйкес тіректі салаларды дамыту, инвестиция негізінде жаңа жобаларды жүзеге асыру тұрғындардың табысын арттыруға жол ашады. Бұл ретте облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қала мен аудандардың дамуына жеке-жеке талдау жүргізілетінін айтқан еді. Бұған дейін Сырдария мен Қармақшы ауданының негізгі даму динамикасын саралаған аймақ басшысы кеше Жалағаш ауданы әкімі Асқарбек Есжановтың есебін тыңдады.

Жиынға облыстық, аудандық мәслихат депутаттары, ардагерлер мен қоғамдық кеңес төрағалары, салалық басқарма басшылары қатысты.

Ауданның тынысы 4 негізгі бағыт бойынша тарқатылды. Әр бағыт бойынша сала басшыларына сөз берілді. Аймақ басшысы халық табысын еселеудің төте жолы кәсіпкерлік саласын дамыту екенін тілге тиек етті. Бұл ретте жұмыста ілгерілеу болғанымен, өнімділік мәселесінде әлі де жұмыс сылбыр екенін ашып айтты.

«Мен үнемі шағын және орта бизнесті дамыту арқылы салықтық түсімдерді арттыру, тұрақты жұмыс орындарын ашу, экономиканы әртараптандыру арқылы халықтың әл-ауқатын жақсарту бағытында шараларды қабылдау қажеттігін айтып келемін.

Бүгінгі таңда ауданда 2571 шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі тіркелсе, оның 92,5 пайызы нақты жұмыс жасайды. 6 ай қорытындысымен жұмыс жасап тұрған шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 6,6 пайызға артып, 2379 бірлікке жеткен. Бұл әрине жаман көрсеткіш емес. Ілгерілеу бар. Дегенмен, қолда бар резервтерді барынша пайдалану қажет. Кәсіпкерлік саласында өндірілген өнім көлемі 8,5 пайызға азайған. Сонымен бірге, Индустрияландыру бағдарламасының үш бесжылдығы аясында аудан бойынша жоспарланған 5 жобаның

2-і ғана іске қосылып, Жалағаш жобалар аз қамтылған аудандар қатарынан көрінді» – деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Жалағаш ауданының облыс орталығына жақын орналасуы бау-бақша және фермерлік кәсіпті дамытуға мүмкіндік береді. Дегенмен, қазіргі жағдайда бағаны тұрақтандыру жұмыстары мардымсыз. Сондай-ақ, аудан әкімдігі тарапынан бүгінгі күнге дейін бірде-бір мемлекеттік бақылау шарасы жүргізілмеген.

Облыс әкімі аудандағы мемлекеттік бағдарламалардың уақытында орындалуын, «көгілдір отынмен» қамту, тұрғындарды тұрақты жұмыс орнына орналастыру, егіншілікпен айналысам деушілерге жер телімдері табысталатынын кеңінен ақпараттандырып, келесі егін маусымына дайындықты қазірден бастауды міндеттеді. Сондай-ақ аудандағы тұрғын үй қорын дамыту бойынша нақты жоспар арқылы жұмыс істеуді тапсырды.

Арнайы отырыста тоқтап тұрған өндіріс орындары мәселесі де шет қалмады. Аймақ басшысы аудан әкіміне мия тамырын өңдеу зауытының жұмысын жандандыру қажет екенін қадап айтты. Ауданда іске қосылған жобалардың саны тым аз екенін ескертіп, орта жолдан тоқтап тұрған кәсіпорындарды қайта қосып, жұмысты жеделдету қажет деді.

Облыс әкімі ауданда жұмыспен қамту көрсеткіші де көңіл көншітпейтінін жасырмады. Мәселен 6 айдың қорытындысымен ресми жұмыссыздық деңгейі өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 1,8 пайыздық пунктке өскен және жоспарланған 2420 жаңа жұмыс орынның бар болғаны 805 немесе 33,3%, оның ішінде тұрақтысы 59 немесе 7,3% ғана орындалған. Бұл аз десеңіз, мүмкіндігі шектеулі азаматтарды квота шеңберінде жыл басынан бері 15 адамның 2-уі ғана (13,3%) жұмысқа орналасқан.

Облыс басшысы Президент Қ.К.Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес Қызылорда қаласы мен Жаңақорған, Арал аудандары мен Байқоңыр қаласында «Бақытты отбасы» әлеуметтік бөлімі ашылып, жұмыс жасалса, Жалағаш ауданында мұндай орталық әлі күнге дейін ашылмағанын қатаң сынға алды.

Биыл аудан әкімдеріне «Балалар жылына» тарту ретінде ойын алаңдарын салу міндеті тұр. Бұл бағытта Асқарбек Есжанов ауданда 7 балалар ойын алаңы салынатынын жеткізді.

Жиында мамандардың кадрлық әлеуеті мен ауданның қоғамдық-саяси ахуалы да қаралды. Оның ішінде кент және ауылдық округ әкімдерінің «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңына енгізілген өзгерістерді назарға алмауы салдарынан бірқатар заң бұзушылықтарға жол берілгендігі сыналды. Бұл сөзсіз мемлекеттік сатып алу жұмыстары мардымсыз үйлестірілгендігінің көрінісі.

– Асқарбек Темірбекұлы, ауданды дамытуға, сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында бірінші кезекте жергілікті әкімдік жүйесіндегі қызметкерлерді өзара ауыстыру мәселесін қарастыру керек.

Сонымен қатар, кадрлар тиімділігін арттыру мақсатында аудан әкімдіктері қызметкерлерінің еңбек өтіліне және тиімділігіне, жетістіктеріне талдау қажет. Талдау нәтижесімен қызметшілерді ротациялау бойынша ұсыныстар беріңіздер, – деді Н.Нәлібаев.

Облыс әкімі аудандағы кейбір әлеуметтік мекемелерде 10-20 жылдай табан аудармастан отырған басшылардың барын жасырмады. Бұл ретте олардың жұмысына нақты талдау жүргізудің қажеттілігі туғанын жеткізді. Сондай-ақ, үлескерлер мәселесінде орнықты шешім қабылдау, белсенді азаматтармен сындарлы диалогқа түсу ісінде жұмысты ширату қажет екенін тағы бір еске салды.

Аймақ басшысы аталған жұмыстарды іске асыру барысында облыстық және аудандық мәслихат депутаттары, ардагерлер мен қоғамдық кеңес мүшелері де белсенді атсалысуы керек екендігін баса айтты.

Жиынды қорытындылаған облыс басшысы өңірді дамытатын жоспарларды қайта саралап, кеткен кемшіліктерді уақытылы түзеу қажет екенін, жұмыс барысында теріс қылықтарға жол беріп, өз қызметін немқұрайлы атқарған азаматтарға қатаң шара қолдану қажет екенін тапсырды.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

Нұрлыбек Нәлібаев, облыс әкімі:

«ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫН КӨТЕРУ – БІЗДІҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТІМІЗ»

– Сырдың тіршілік өзегі егінмен байланысты екені анық. Сіздің елордада өткен Парламенттік тыңдаудағы депутаттар алдында көтерген өзекті мәселенің бірі де осы егінге, оның ішінде күрішке қатысты еді. Бүгінде шаруалардың алаңы басылған сияқты...

– Сырдың дәстүрлі кәсібі – күріш өсіру.

Күріш туралы түрлі пікір айтылып жүргенін де жақсы білеміз. Су тапшылығы жағдайында бірінші кезекте суды көп тұтынатын күріштің көлемін азайту керек деп айтылады.

Әрине, су жетпесе суды көп қажет ететін дақылдардың көлемін азайтып, су үнемдеу технологияларын енгізу қажет екенін түсінеміз.

Алайда, күріш өсіру аймақта экологиялық маңызға ие және күріштік алқаптарды суға бастыру арқылы топырақтың тұздануын төмендетуге мүмкіндік береді. Сол себепті, күріш егілмей қатты тұздалған топырақта басқа дақылдардың өсуі мүмкін емес.

Шаруалардың жағдайына түпкілікті мән беріп, елді мекендерге барғанда олармен пікірлесіп, аграрлық саладағы басты өнім күріш көлеміне қатысты осындай шешімге келдік.

Дегенмен, облыста ауыспалы егіс тәртібін сақтай отырып, күріш дақылының көлемін кезең-кезеңімен Кеңес Одағы кезінде 110-130 мың гектардан болған көлемді 75-80 мың гектарға дейін тұрақтандыру бойынша жұмыстарды атқару қажет.

Біздің облысымыздағы суару жүйелерінің қанағаттанғысыз жағдайына байланысты, жыл сайынғы артық су шығыны шамамен 2 млрд текше метрді құрайды. Бұл республика бойынша жыл сайынғы су шығынының тең жартысы.

Республиканың оңтүстік өңірлерінде 319 мыңға жуық гектар алаңда суландыру жүйелерін қайта жаңғырту жұмыстары атқарылуда, соның ішінде Қызылорда облысының үлесі небәрі 15,1 мың гектар ғана, немесе 4,7 %.

Жасыратыны жоқ, біздің бүгінгі су пайдалану қабілетіміз сын көтермейді. Ендігі жерде су жүйелерінің инженерлік-техникалық жағдайын жақсарту, егістік танаптарын тегістеу, су есебін қатаң қадағалау, осы арқылы ысырапқа жол бермеу міндеті тұр.

Осыған орай, суару жүйелерін қайта жаңғырту, суды бөлу мен есепке алуды автоматтандыруды жеделдету арқылы су шығынын азайту бойынша шаралар қабылданатын болады.

– Сырдария өзенінің жағдайына байланысты аянып жатқан жоқсыз. Алдағы уақыттан не күтуге болады?

– Өздеріңіз жақсы білетіндей, Сыр өңірінің экономикалық және экологиялық жағдайы, халқының тыныс-тіршілігі Сырдария өзенінің деңгейіне және Арал теңізінің жағдайына тікелей байланысты.

Сырдарияның 90%-дан астам суы республикадан тыс жерлерден келетінін ескерсек, жоғары ағыста орналасқан мемлекеттер мен өңірлердің ұстанымына еріксіз тәуелдіміз.

Өкінішке қарай, кейінгі жылдары Сырдария өзені бассейніндегі су көлемі жыл сайын азайып келеді.

1-бет

Жыл басында күріш көлемін 64 мың гектарға түсіру жоспарланған, алайда біз ондай қадамға барғанымыз жоқ. 78,4 мың гектар көлемінде қалдырдық. Мұндай тәуекелге бару үшін суды тиімді пайдалану, егістікті кезектесіп суару, қашыртқыдағы суды екінші қайтара пайдалану жағын ойластырдық. Үкімет резервінен бөлінген 3,6 млрд теңге қаржы есебінен биыл 52 ұңғыманы қазып, 162 каналды тазалап, 156 насос қондырғыларын орнатудамыз.

Сонымен қатар, ел Президентіне, Үкіметке, Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігіне орын алған жағдайды баяндап, тиісінше қолдау жасалып, жоғарыдан алатын су көлемін төмендетпеуге жұмыс жасадық. Суды үнемдеу мақсатында жаңбырлатып, тамшылатып суару әдістерін қолдану арқылы биыл егін көлемін 607 гектарға жеткіздік. Ал, 2025 жылға дейін мұның көлемін 17,2 мың гектарға дейін арттыру жоспарымыз бар.

Арал теңізінің жағдайын сауықтыруға ерекше назар аудару қажет. Сырдарияның жоғары ағысында орналасқан көршілермен су бөлісу бойынша келіссөздер жүргізген кезде Аралдың жағдайы назардан тыс қалмауы абзал. Сонымен қатар, «Көкарал» бөгетін жөндеу және Сырдария өзенінің Кіші Аралға құяр атырабын қалпына келтіру жобасын биылдан қалдырмай бастау қажет.

Кіші Аралдың көлемін ұлғайту жұмыстары жалғастырылады.

– Нұрлыбек Машбекұлы, осыған дейін барлық ауданда болып, қала халқымен де кездесу өткіздіңіз. Елдің мұқтажы, ұсыныс-тілегі өңірдің әлеуетіне қаншалықты өлшем болды? Халықтың жиі көтерген сауалы қандай?

– Біз қай кезде де ашықтық қағидатын ұстанамыз. Қызметке келген сәттен бастап алғашқы шешімдерімнің бірі ретінде кеңесші лауазымдарынан бас тарттым. Елге жанашыр, тілеулес азаматтардың пікіріне құлақ асып, орнықты шешімдер қабылдау ниетіміз бар. Әлеуметтік желіде де сындарлы диалог орнатуға дайынбыз. Халықпен кездесулер сәтінде жергілікті атқарушы органдар қызметкерлеріне ашықтық қағидатын толық сақтау талабын қойдық.

Өздеріңіз білесіздер, Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2022 жылғы 3 наурызда «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» Жарлыққа қол қойды. Онда халықпен кері байланыс орнатып, «халық үніне құлақ асатын мемлекет» құрудың маңыздылығын баса айтты.

Осы Жарлық аясында облыстық мәслихаттың шешімі негізінде барлық деңгейдегі әкімдердің жыл бойы тұрақты халықпен кездесуінің күнтізбесі бекітіліп, 22-30 маусым аралығында аудандар мен Қызылорда қаласында тұрғындармен кездестім. Бұған дейін де әрбір ауданға бірнеше мәрте ат басын бұрып, елдің тыныс-тіршілігімен танысып, ақсақалдармен кездесіп, азаматтардың мәселелерін сараладым. Бұрын жылына бір мәрте есеп берілсе, жаңа талапқа сәйкес жылына екі рет халықпен есепті кездесу ұйымдастырылатын болады. Оған қарамастан, аймақ халқының жағдайын білу үшін тұрғындармен тұрақты түрде кездесіп тұрамын.

Басқосулар аясында жерлестерімнің тарапынан қала және аудандарда 65-ке жуық шешуді қажет ететін негізгі проблемалық мәселе көтерілді.

Мәселен, тұрғындар қойған сұрақтардың 40-тан астамы автомобиль жолдарын жөндеу, білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт нысандарын жөндеу және салу, сумен, газбен жабдықтау, электр желілерін жаңарту, сондай-ақ, ауыл шаруашылығы мәселелері, елді-мекендерді абаттандыру, санитарлық тазалау және экология сипатында болды. Әрине, халықтың көкейкесті мәселеге деген ұсыныс-пікірлерін саралап, жинақтадық. Қазіргі таңда бұл мәселелерді кезең-кезеңімен шешу жөнінде Іс-қимыл жоспары бекітілді.

Тек халықпен кездесулерде ғана емес, қызметке кіріскелі тұрғындармен жеке қабылдаулар өткізіп, жүзден астам азаматтың мәселесін сала мамандарымен бірге қарап, тиісті тапсырмалар бердім.

Осы жерде Сіздерге мынадай сандық деректерге тоқталайын.

Биылғы жылдың I жартыжылдығында облыс бойынша барлық деңгейдегі әкімдермен, яғни, ауыл, кент, аудандық маңызы бар қала және аудан әкімдерімен барлығы 303 рет кездесу өткізілді. Осы басқосуларда облыс тұрғындары тарапынан жоғарыда аталған сипатта 961 мәселе көтерілді.

Расымен, әрбір елді мекенде проблемалар бары анық. Оны жасырмаймыз. Халыққа қажетті инженерлік инфрақұрылымды қамтамасыз ету, яғни сумен, электр жарығымен, газбен, жылумен жабдықтау, жолдардың сапалылығы негізгі басымдық болып қала береді. Мұның барлығын бір мезетте шешу мүмкін еместігін білесіздер. Барлығы облыс бюджетінің мүмкіндігіне, республикадан келетін қаржы көлеміне қарай шешіледі.

Аймақ басшысы қызметіне кіріскеннен кейін менің бастамаммен құрамына облыстың білікті құрылысшылары, жобалаушылары, облыс депутаттары, белсенді қоғам қайраткерлері енгізілген арнайы облыстық Кеңес құрылды.

Бұл Кеңес облыс аумағында жоспарланған құрылыс нысандарының жобаларын қарады.

Халық көтерген мәселелердің барлығы алдымен осы Кеңестен өтеді. Оң шешімін алған жобаларға ғана тиісті қаржы қаралып, содан кейін ғана тек бекітілген кезектілікке сәйкес жүзеге асатын болады.

Мұндағы мақсат – «қазаншының өз еркі, қайдан құлақ шығарса» дегенге жол бермеу. Ең бастысы – бюджет қаражатын үнемдеу, нәтижелілігін арттыру. Біз қазір әрбір теңгенің тиімділігін мұқият қадағалауымыз қажет.

– Шынында өзіңіздің бастамаңызбен құрылысқа, оның ішінде кейбір жосықсыз жасалатын жобаларға байланысты қадағалау күшейді. Нысан салынбас бұрын арнайы комиссияның елегінен өтеді дедіңіз. Білуімізше, жаңа өнер сарайы бой көтермек. Жалпы, осы саланың ендігі дамуын халыққа кеңірек айтып берсеңіз.

– Негізінен құрылыс саласы жеті рет өлшеп, бір рет кесуді, асқан тиянақтылықты қажет ететін сала. Кеңес отырысын өткізу өте маңызды деп санаймыз. Әр ауданның өзіндік ерекшеліктеріне қарай салынатын нысандарды алдын ала пысықтап, тек сұранысқа негіздеп, бюджет қаражатын үнемдеу арқылы жобаларға басымдық береміз.

Биылғы жылдың мамыр-маусым айларында 7 мәрте кеңес отырысы өтіп, нәтижесінде 418 жоба қаралды. Сол жобалардың 75%-ы қолдау тапса, қалғандары қосымша пысықталып, кеңес қарауына қайта ұсыну мақұлданды.

Мәслихат депутаттарының келісімін алған, кеңес отырысында мақұлданған жобалар алдағы уақытта тек бекітілген кезектілікке сәйкес жүзеге асады.

Даму қарқынына ілесу үшін біз әлі де жаңа жобаларды ашу ісіне жете мән беруіміз керек. Өздеріңіз білесіздер, облыста 2023 жылға республикалық бюджеттен қаржыландырылатын жобалар аз әзірленген. Осыны ескеріп, қызметке тағайындалғаннан бастап, демеушілердің қолдауымен бір ай мерзімде 1,6 млрд теңгеге 391 нысанға жобалық-сметалық құжаттама әзірледік. Бұл жобалардың жалпы құны 45 млрд теңгені құрайды. Келесі жылдан бастап барлық қаржыландыру көздері есебінен іске асыруды бастаймыз.

Өнер сарайын салуға облыстық бюджеттен 604 млн теңге бөлінді. Осы айда құрылыс жұмыстарын жүргізуші мердігерді анықтауға мемлекеттік сатып алу конкурсы жарияланды.

Қаймағы бұзылмаған жыр елінде көпфункционалды кешеннің атқаратын қызметі зор. Бұл кешен әртүрлі концерттік бағдарламалар, оның ішінде симфониялық, эстрадалық, ұлттық өнерді көрсетуге мүмкіндік беретін 1000 көрерменге арналған әмбебап залы бар сәулетті нысан болмақ.

Қаланың дамуына жанашыр демеушілер тарапынан бірқатар жаңа жобалар легі іске асады.

Жақында облыс орталығында өнер сарайы мен салтанат сарайының іргетасын қалаймыз. Сондай-ақ, «ҚазГерМұнай» кәсіпорны «Оқушылар сарайын» салуды өз міндетіне алды.

Елдің дамуына ынталы жанашыр азаматтардың қолдауымен Түркістан-Қызылорда шекарасы аумағында жаңадан облыстың кіреберіс қақпасы (паспорт) салынатын болады.

Демеушілердің белсенділігімен 400 млн теңгеге Қызылорда қаласындағы 60 көпқабатты үйдің қасбеттері, 80 млн теңгеге әуежайдың ескі терминалы, 40 млн теңгеге Орталық мешіт жөндеуден өтті. Жақын арада Арал ауданы, Тоқабай елді-мекенінен құны 550 млн теңгені құрайтын 100 орындық мектеп құрылысы басталды. Бұл мектептің жағдайымен жақсы таныспыз. Аралға барған сапарымда арнайы көріп, білім ордасын аяқтауға ынталы мердігер компания басшысымен пікірлестік. Мектеп қайта салынып, балалардың игілігіне беріледі.

Тағы бір айта кететін жайт, қала мектептеріндегі бала саны бойынша орын тапшылығы бар білім нысандарының жанынан қосымша құрылыс салу. №2 мектепке 550 орындық және №101 мектепке 375 орындық нысанды салу жоспарымызға енді. Сондай-ақ, қала аумағындағы бірнеше көшеге абаттандыру, жөндеу жұмыстарын жүргізуді де биылғы жылы атқаруымыз тиіс.

Осы орайда, аймақтың өсіп-өркендеуіне атсалысып жүрген, елге жанашыр азаматтарға алғыс айтқым келеді. Сіздердің қолдау көрсеткендеріңіз – ел болашағына қосқан зор үлес деп білемін.

Мәдениет және спорт бағытында биыл өңірде 7 денешынықтыру-сауықтыру кешенін және 6 мәдениет нысанын пайдалануға береміз. Жоспар жетерлік, мұның барлығы туған жеріміз, қасиетті Сыр елі өсіп-өркендеп, көркейіп-гүлденуі мақсатында жасалуда.

– Құрылыс демекші, Сыр халқы «алдағы кезеңде жаңа жылу электр станциясы салынады» деген ақжолтай ақпаратты қуана қабылдады. Нысан қашан пайдалануға беріледі? Аймақтағы инфрақұрылым мәселелеріне тоқталыңызшы.

4-5-бет

Нұрлыбек Нәлібаев, облыс әкімі:

«ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫН КӨТЕРУ –

– Мамыр айында өңірімізге Ұлттық экономика және Энергетика министрлері арнайы жұмыс сапарымен келіп, бірқатар жобаға қолдау білдіретінін жеткізген еді. Соның бірі – құны 215 млрд теңгені құрайтын, қуаттылығы 240 мегаватқа жететін жаңа жылу электр станциясын салу.

Жаңа нысан энергия жетіспеушілігін едәуір төмендетеді. Себебі осы кезгі қаладағы электр желілері 50-60 жылдан астам үздіксіз жұмыс жасап келгендіктен, әбден тозығы жеткен. Бұл сөзсіз электр жүктемесіне салмақ салады.

Аукциондық сауда-саттық қорытындысы бойынша нысанды түрік компаниясы салады. Мердігер мекеме бу-газ қондырғысын жыл аяғында бастап, 2025 жылы ел игілігіне пайдалануға береді.

Қазіргі кезде Қызылорда облысында 10 мың шақырымнан астам электржелілер және 1837 дана әртүрлі кернеуліктегі қосалқы станция бар. Бүгінде олардың 68 пайызы тозған.

Өткен айда ауа райының қолайсыздығынан қаланың кей аумақтарында әуе желілерінен ақау шықты. Сол күнгі аптап ыстық естеріңізде шығар. Салдарынан Тасбөгет, Сәулет, Бәйтерек, Шанхай шағын аудандарында электр жарығын беру уақытша тоқтатылды. Мұның себебін мамандар анықтады. Қаладағы электр желілерінің қолданылғанына 50-60 жыл болған, яғни әбден тозығы жеткен. Өзіңіз ойлап қараңыз, осынша уақыт бойы үздіксіз пайдаланылған желілер үзілмегенде қайтеді? Алдағы қысқа дайындық жұмыстарын жүргізу үшін «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» АҚ-ның жарғылық капиталын ұлғайтуға облыстық бюджеттен 548,7 млн теңге қаржы бөлу мәселесін пысықтадық. Айта кетейін, бұл жобалардың барлығы мәслихат қарауына ұсынылып, қаралды және депутаттар тарапынан қолдау тапты.

Мұнан бөлек, биыл облыс бойынша 23 әлеуметтік нысанның жылу қазандықтары қайта жаңғыртылады. Осы жұмыстарға республикалық және облыстық бюджеттен 676 млн.теңге бөлінді.

Барлық 230 ауылдық елді мекеннің 198-і немесе 86%-ы орталықтандырылған ауыз-су жүйесіне қосылған. Халық санымен алғанда бұл 97,8% құрайды.

Биыл «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында 20 жобаға 5,1 млрд теңге қаржы бөлініп, іске асырылуда. Нәтижесінде Қызылорда қаласында және 4 ауданның 11 елді мекенінде 100 шақырымнан аса ауыз-су және 4,9 шақырым кәріз желілері, 2 дана кәріз-насостық станция, 3 дана су кешені жаңғыртылады және 7 дана ұңғыма бұрғыланады.

«Көгілдір отынмен» қамтуда ілкімді істер бар. Барлық аудан орталықтарын толықтай газға қостық. Бұл ретте облыс елді-мекендерін газдандыру деңгейі 2022 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша 67 пайызды құрады. Оның 4-еуі қала (Қызылорда, Арал, Қазалы және Байқоңыр) және 19-ы ауылдық елді мекенде.

Биыл Қазалы қаласы мен Шиелі ауданындағы Алғабас және Ақмая ауылдарына табиғи газ берілді. Нәтижесінде 11 мыңнан астам тұрғын табиғи газға қосылу мүмкіндігін алды. Жыл соңына дейін Қазалы ауданындағы Жалаңтөс батыр, Пірімов, Басықара ауылдарын, Жаңақорған ауданындағы Бірлік және Қыраш ауылдарын толықтай газдандыру және Тереңөзек кентіндегі газдандырылмай қалған көшелерге газ құбырын тарту жоспарымызда бар.

Түйіндеп айтқанда, жыл аяғында 15 мыңнан астам тұрғын табиғи газға қол жеткізіп, облыстың газдандыру деңгейін 68%-ға дейін жеткізу межесін орындаймыз.

Сонымен қатар, биыл Арал ауданындағы Сексеуіл кентінде, Шиелі ауданындағы Тартоғай елді мекенінде автоматтандырылған газ тарату станциясын орнату, Арал ауданындағы Сексеуіл кентінің, Қармақшы ауданының Төретам кенті мен Ақай ауылының кварталішілік газ тарату желілерін салу жобаларына да ерекше мән берілді.

Жалпы инфрақұрылымға қатысты түйткілдер бір деммен шешіле салмайды. Қаржының мүмкіндігіне қарай кезеңкезеңге жоспарланады, сол бойынша іске асырылады.

– Біздің облысымыз инвесторлар үшін қаншалықты қолайлы? Индустрияландыруда жаңа жобалардан не күтеміз?

– Инвестиция экономикалық әлеуетті көтерудің нақты жолы. Индустрияландыру бағдарламасының үшінші бесжылдығында құны 654 млрд теңгені құрайтын 46 жобаны жүзеге асыру жоспарлануда. Көп мәселе әлемдік экономикалық өзгерістерге де байланысты. Қазіргі таңда, қолда бар мүмкіндіктер мен ағымдағы жағдайлар ескеріліп, жобалар тізбесі өзектендірілуде.

ауданындағы томат пастасын шығару зауыты. «Қызылорда AGROPlus» серіктестігі томат пастасын өндіру жобасы бойынша биылғы жылы түріктің Tat (Коч Холдинг) компаниясымен бірлесіп, тамшылатып суару арқылы 10 гектар жерге тәжірибе ретінде қызанақ екті.

Ал, металлургия саласында «Шалқия» кен орнында таукен байыту фабрикасының құрылысын бастау үшін дайындық жұмыстары қолға алынды. Қазіргі таңда жерасты кенішінің құрылысы жүргізілуде. Өткен айда кенішке барып, негізгі жұмыстармен танысып, жұмысшылармен кездестім.

Жаңа өндірістердің іске

комбинатының құрылысы басталады.

Бағдарлама аясында құрылыс индустриясында 10 жоба бар. Оның ішінде, лего-кірпіш, керамзит блоктар өндірісі, бетон зауыты іске қосылып, облыс тұрғындарын құрылыс материалдарымен қамтамасыз етуде. Сонымен қатар, құрғақ құрылыс қоспаларын шығаратын 2 жоба, айна, шыны-талшықты және композиттік материалдар шығаратын жобалар бойынша сараптау жасалуда.

Қыркүйек айында шыны зауытын өндірістік пайдалануға беру жоспарланып отыр. Қазір технологиялық жабдықтарды монтаждау жүргізілуде.

Бұл жобаларды іске асыру нәтижесінде аймақта 7,4 мың жұмыс орны ашылмақ. Бағдарламаның талаптарына сәйкес жобалар өңдеу өнеркәсібіне бағытталған. 2020-2021 жылдары облыста 9 жоба іске қосылса, биыл құны 9 млрд теңгені құрайтын 5 жоба жұмысын бастайды деген жоспар бар.

Агросаладағы ірі жобалардың бірі – Жаңақорған

қосылуы импортқа тәуелділікті азайтса, екіншіден, жергілікті тұрғындар үшін тиімді баға әрі сапалы өнім деген сөз.

6 жылдан бері «Баласауысқандық» кен орнынан аммоний метаванадаты экспортталуда. Осы жылдың 5 айында 233 мың тонна аммоний метаванадаты Ресей мен Ұлыбританияға жіберілген. Келесі жылы кен орнында тау-кен байыту

Бұл жобаның мультипликативтік әсері бар. Оның айналасында шыныдан бұйымдар шығаратын шағын және орта кәсіпкерлік нысандарын шоғырландыратын боламыз. Қазірдің өзінде 8 жоба пысықталуда, оның ішінде планшеттер, гаджеттер және күн панельдеріне арналған ультра жұқа шыны өндірісі.

Ілеспе өндірістер желісін

басқа да ірі өндірістердің айналасында дамыту жоспарлануда. Атап айтқанда, «Аралтұз» қуаттылығы жылына 30 млн дана полипропилен қаптарын шығаратын зауытты жобалауды бастады.

Өңірлік даму институты ретінде «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясының жұмысын күшейтеміз. Оның қызметінде инвесторларды тартуға және қолдауға баса назар аударамыз.

Ресей Федерациясынан өндірістерді көшіру бойынша мәселелер пысықтала бастады.

Қазақстан-Ресей кооперациясы шеңберінде «Иннопром» (Екатеринбург қ.) халықаралық өнеркәсіптік көрмесі барысында Башқұртстан және Татарстан Республикалары үкіметтерінің өкілдерімен, РФ кейбір облыстары губернаторларының орынбасарларымен кездесулер өткізілді. Бұдан басқа, Қызылорда облысында шыны, кальцийлендірілген сода және зергерлік бұйымдар шығару жөніндегі жобаларды іске асыру бойынша 3 ресейлік компания – «Салаватстекло», «Башқұрт сода компаниясы» және «Санкт-Петербург политехникалық университетімен» келіссөздер жүргізілді.

Ресейлік компаниялардың біздің өңірге қызығушылығы ескеріліп, қазан айында Орынбор қаласында Ресей мен Қазақстан өңіраралық ынтымақтастық форумына қатысу көзделуде.

Әлемдік стандарттарға сай әуежайымыз да заманауи сипатқа ие болуы керек. Жерлесіміз Болат Өтемұратовтың қолдауымен жаңа әуежайдың жобалық-сметалық құжаттары әзірленуде. Биыл құны 25 миллион АҚШ долларын құрайтын заманауи жолаушылар терминалының құрылысы басталады.

Жыл соңына дейін Қызылорда қаласына үлкен сыйымдылықтағы 150 жаңа автобус алынады.

Өңірдің инвестициялық тартымдылығы, әрине, өзімізге

байланысты. Әрбір бастама өміршең болуы үшін талдаулар мен сауатты сараптау қажет. Бұл жолда нәтижелі жұмыс жасалады деп сенемін.

– Жұмысшылар дегенді айтып қалдыңыз, мұнай болсын, ірі компанияларда қызмет ететін қызметкерлердің әлеуметтік жауапкершілігі жолға қойыла бастады. Мұның әлі де пысықталатын тұсы бар ма?

– Бағамдап қарар болсақ, соңғы жылдары мұнай-газ секторында қордың түгесіле бастауы байқалады. Мұнай қоры 2007 жылы 11 миллион тоннадан осы жылы 3,5 миллион тоннаға дейін төмендеуде. Бұл сөзсіз осы салада қызмет ететін адамдардың әлеуметтік жағдайына тікелей әсер етеді. Түрлі сервистік қызмет ету саласындағы жұмысшылардың мәселесі де назар аударуды қажет етеді. Сондықтан да, әлеуметтік ахуалдың тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында біз 49 ірі жұмыс беруші компания және кәсіподақ арасында Меморандумға қол қойдық. Нәтижесінде 6 компания жұмысшыларының жалақысы 50 пайызға дейін көтерілді және осы салада қызмет ететін жұмысшылардың саны азаймайды. Қала мен аудан басшылықтарына да осындай тапсырма жүктелді.

Осы ретте жер қойнауын пайдаланушылар өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына атсалысып, салықтан бөлек олар жылына 2 млрд теңгеге жуық қаржылай көмек көрсететін болады. Түйіндеп айтқанда, мұндай мәмілеге келу көп түйткілдің алдын алуға үлкен дәнекер.

Мұнан бөлек, ауылдық жерде шаруа қожалықтары арасында ішінара жер үлескерлері арасында дау туындап тұрғаны жасырын емес. Олардың әрқайсысымен кездесіп, қатысушыларды өзара диалог құруға шақырдық. Инвесторларға жыл басынан бері есеп беріп, бәріне ортақ тиімді әрі әділетті шешім қабылдауға ықпал жасауды тапсырдық.

Өздеріңіз білесіздер, Президентіміз қоғамда қызметін адал атқарып жүрген азаматтарға шынайы қолдау жасау қажет екенін тапсырған. Күннің аптап ыстығы мен суығына қарамастан еңбек ететін «Қызылорда тазалығы» қызметкерлерінің өтініші бойынша қоғамдық көлікте тегін жүру мүмкіндігін қамтамасыз еттік. Екі жүзден астам жұмысшыларға тегін билет куәлігін жасап, шипажайға жолдама беріледі.

– Индустриялық жобаларға қайта оралайықшы. Қармақшыдағы құс фабрикасы, Қызылорда қаласындағы ет комбинаты, Арал өңіріндегі шұбат өндірісі жобаларының жағдайы туралы айтсаңыз. Өнім өндіру ісінде қандай да бір нәтиже бар ма?

– Әрбір жобаның өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл жобалар индустрияландыру бағдарламасы аясында жүзеге асырылуда, оның ішінде биыл құс фабрикасы мен ет комбинатын іске қосамыз деген ниеттеміз.

Құс фабрикасының құрылыс жұмыстары толық аяқталды. Мемлекет мойнына алған міндеттемелерін орындады, яғни қажетті жер телімдері

3-бет

БІЗДІҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТІМІЗ»

табысталды. Инженерлік инфрақұрылым «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарлама аясында жеткізілді. Ендігі кезекте қондырғыларды Бельгия, Иран, Қытайдан жеткізіп, оларды монтаждау жұмыстары қалды. Осы қондырғылар үшін Аграрлық несие корпорациясынан 880 млн теңге алды.

Экономикалық тұрғыда қарасақ, облыста жылына 13,8 мың тонна құс етін тұтынамыз, осының барлығы сырттан тасымалданады. Бар болғаны 34 тонна өнім өзімізде өндіріледі. Егер фабрика іске қосылып, толық қуатымен жұмысқа кіріскенде жылына 1500 тонна ет шығарып, тұрғындар сұранысының 13%-н қамтиды. Кәсіпорында 60 адам тұрақты жұмыс орнымен қамтылмақ.

Ал, Қызылорда қаласындағы ет комбинатына келсек, бүгінде құрылыс жұмыстары жалғасуда. Қондырғылардың бір бөлігі жеткізілді. Жоба бастамашысы құрылысты аяқтау үшін Аграрлық несие корпорациясы арқылы қаржыландыру мәселесін қарастыруда. Жоба бастамашысы «Сыр маржаны» ЖШС жылына 5 мың тонна ет шығаруды көздеуде.

Арал ауданындағы «Түйе сүтінен құрғақ ұнтақ шығару зауытының» құрылысы 90%-ға аяқталды. Жоба қуаттылығы жылына 130-дан 700 тоннаға дейін ұлғаюына орай, қосымша ғимарат құрылысын қыркүйек айында бастайды. Зауытты келесі жылы іске қосу жоспарда бар.

Мия тамырын шығару ісіне де көңіл бөліп келеміз. Мемлекеттік қолдау шарасы ретінде зауытты орналастыруға 8,75 гектар жер учаскесі бөлінді. Жалпы кәсіпорын барлығы 50 тоннаға жуық өнім шығарды. Алайда, 2019 жылдың ақпан айынан бастап жұмысын тоқтатты. Оның негізгі себебі – әлемдік нарықта өндірілетін өнім бағасының 10 есе төмендеуі, сұраныстың болмауы. Оған қоса мия тамырын өңдеу кезінде аммиак қалдықтарын кәдеге жаратуға қатысты проблема туындады.

Зауытты қайта іске қосу үшін Қытайдан мамандар келіп, жөндеу жұмыстарын бастады. Қыркүйек айында жөндеуді аяқтап, зауыт қайта қосылатын болады.

– Нұрлыбек Машбекұлы, Мемлекет басшысының Жарлығымен бекітілген «Балалар жылының» жартысын еңсердік. Сырбойылық балаларға тарту ретінде қандай игі бастамаларды тізбектер едіңіз?

– Бала – бауыр етіміз. Өткен ғасырдың басында ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы «Балам» дейтін жұрты болмаса, «жұртым» дейтін бала қайдан шығады?» деген аталы сөз айтқан екен. Арада қаншама уақыт өтсе де, Алаштың аяулы перзентінің осы сөзі өз маңызын жойған жоқ.

Баланың болашағының негізі балалық шағында қаланады. Атаулы жылдың жартысынан асқан кезде ізімізге қарап, «не іс тындырдық, енді қандай жұмыс атқаруымыз керек?» деп ойландық. Биылға «Балалар жылы» деп атау беріліп, айдар тағылғанмен, жас өскінге қамқорлық бір жылдың ауқымымен шектелмесі анық. Балалар жыл он екі ай үлкендердің көз алдында, елінің қамқор құшағында болуы тиіс.

Өңірде «Балалар жылы» аясында атқарылу үстіндегі жұмыстар легі ауқымды. Жұмыс кестемнің тығыздығына қарамастан, қат-қабат шаруаның арасында уақыт тауып, маусым айында «Талдысу», «Қамбаш» лагерьлеріне барып, балалармен кездестік. Демалыста жүрген олардың балбұл жанған жүздерін көріп, бұл бағыттағы еңбегіміздің еш кетпегеніне көз жеткіздік. Биыл 8 мыңнан астам бала өңірдегі лагерьлерде тынығатын болады.

Қызылорда қаласында көпбалалы отбасылар үшін 50 пәтерлі тұрғын үй пайдалануға берілді. Мерейлі сәттерде арнайы санаттағы балалар мен халықаралық олимпиада жүлдегерлері атанған балаларға 100 велосипед, 10 ноутбук және «Балдаурен» республикалық лагеріне жолдамалар үлестірдік.

Сол жолы «Атамекен» балалар ауылының түлектеріне Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің білім грантын табыстадық, 45 балаға «Қамбаш» лагеріне жолдама бердік.

Аймақта жыл соңына дейін балаларға арналған 9 мектеп, оның ішінде 6 мемлекеттік және 3 жекеменшік мектеп, 2 дарынды балаларға арналған орталық, 1 балабақша, 1 Оқушылар үйі мен Өнер мектебі іске қосылмақ. Одан бөлек, өңірдің оқу ордаларында 50 жаратылыстану бағытындағы кабинет алынып, 47 инклюзивтік кабинет пен 28 логопункт ашылады.

Ал, балалар үшін ең қомақты сый – Қызылорда қаласында заманауи үлгідегі «Оқушылар сарайын» салу бойынша «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы басшылығымен келісімге келдік. Нысан Сырдария өзенінің сол жағалауынан бой көтеретін болады.

Президент Жарлығымен белгіленген «Балалар жылына» тарту ретінде қаламызға шамамен 1 млрд теңгеге 50-ге тарта спорт алаңын, аудандарда 600 млн теңгеге 30-дан астам спорттық-ойын алаңын саламыз. Бұл жұмыстар демеушілер есебінен іске асырылады.

– Кейінгі күндері мемлекеттік тапсырыс аясында түрлі шығармашылық және спорттық жобалармен айналысатын кәсіпкерлер ұлардай шулап кетті. Тапсырыс орта жолдан үзіліп, балалар түрлі секцияларға бара алмай қалған дейді. «Артспорт» үйірмелеріне қатысты да желдей ескен әңгімелер басылар емес. Балаларды үйірмелерге тіркеу барысында заң бұзушылықтары орын алған деседі. Тағы да шешілмеген мәселелер бар. Бұл мәселе түпкілікті шешімін қашан табады? Бұл жөнінде не айтасыз? Аймақта тағы қандай күрмеуі шешілмеген мәселе бар?

– Президентіміз Үкіметтің кеңейтілген жиынында да бұл мәселеге арнайы тоқталды. Біз балалардың танымдық және шығармашылық бағытта дамуына бар жағдайды жасауымыз қажет.

Қазір бұл республикада өзекті мәселенің бірі. Аудандар, Қызылорда қаласының тұрғындарымен кездесу барысында да бірнеше мәрте көтерілді. Мәдениет және спорт басқармасының басшысы қалыптасқан жағдайды назарда ұстап, үнемі баяндайды. Тапсырыс аясында жұмысын бастаған бірқатар кәсіпкерлермен де кездесіп, жеке қабылдау аясында мәселесін қарап, нақты түсіндірме де жүргізілді.

Жалпы «Артспорт» бағдарламасы толық жетілдірілмеген, нәтижесінде бақылау жүргізу қиындық туғызды. Осыған байланысты Мәдениет және спорт министрлігі қолданыстағы қағидаларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу және «Артспорт» бағдарламасын жетілдіру жұмыстарын қарқынды жүргізуде, яғни, кемшіліктер ескеріліп, бағдарлама мен нормативтік құжаттар жетілдірілу үстінде.

Өкінішке орай, бағдарламаны іске қосу барысында айтарлықтай заң бұзушылықтар орын алған. Мәселен, тапсырыс берушілер тарапынан – балалардың ЖСН-ін өзгертіп енгізу, баланың жасы бағдарлама талаптарына сәйкес келмеуі, бір баланы бір мезетте бірнеше үйірмеге тіркеп қою секілді оқиғалар тіркелгендіктен, оны қайта жетілдіру қажеттілігі туындап тұр. Қазіргі таңда аталған деректер бойынша құқық қорғау органдары тиісті тексеру жүргізуде.

Бастапқыда бағдарламаны тоқтату тетігі болмағандықтан, өнім беруші кәсіпкерлер көптеп тіркеліп, облыстық бюджеттің мүмкіндігі ескерілместен 113 өнім беруші мақұлданып, оған 23210 бала қабылданған. Енді қараңыз, қабылданған балаларды шығармашылық үйірмелер мен спорттық секциялармен қамту үшін жыл соңына дейін қосымша 2,6 млрд теңге қаражат қажет.

Өтініштер легі өте көп, бағдарламаны тоқтату тетігі іске қосылғаннан кейін балаларды тіркеуді тоқтаттық. Қазірдің өзінде қосымша 132 өнім берушіден өтінім түсті. Бірақ бұл өтінімдер қабылданған жоқ. Себебі, әлі жоғарыда атап кеткен қыруар қаржы мәселесі тұр.

Бұл жерде бір мәселені айқындап алғанымыз жөн. Бюджет кодексі және министрліктің бұйрығымен бекітілген қағидалардың талабы бойынша мемлекеттік тапсырысты орналастыру бюджетте көзделген қаражат көлемінде ғана өнім берушілер арасында жүзеге асырылуы тиіс болатын.

Мұнан бөлек, қазіргі таңда жалпы облысымыздың қарыз міндеттемелері 101,1 млрд теңге. Оның ішінде, Үкіметтік қарыздар – 50 млрд. теңге, бағалы қағаздар 36,5 млрд теңге. Еуропалық қайта құру және даму банкі алдындағы міндеттер – 8,7 млрд теңге, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары – 5,9 млрд теңге.

Бір ғана мысал айтайын, биылғы жылдың соңына дейін тек білім саласының өзіне педагогтердің жүктемесі 18-ден 16 сағатқа төмендеуіне байланысты 12 млрд теңге қажет. Балабақшалардағы жан басына қаржыландыру әдістемесіндегі өзгерістерге сәйкес және өткен жылы пандемияға байланысты балалар балабақшаға аз барып, одан үнемделген қаражатты игеру мақсатында жан басына қаржыландыру 24-28 мыңнан 55 мың теңгеге дейін көтерілді. Биыл балалардың барлығы балабақшаға баруда, сондықтан қосымша 3,4 млрд теңге, жобалық қуаты 100 орынға дейінгі мемлекеттік балабақшалардың еңбекақысы мен коммуналдық шығындарына 1,7 млрд теңге, барлығы 17,1 млрд теңгенің қажеттігі бар. Бұл облыс бюджеті үшін ауыр салмақ.

«Артспорт» бағдарламасына келер болсақ, оның тиімділігін, қажеттілігін ешкім жоққа шығара алмайды. Бұл балаларымыздың бос уақытын тиімді пайдалануына, оларды икеміне қарай шығармашылық пен спортқа баулуға, дамуына мүмкіндік береді. Бір жағынан балалар арасындағы келеңсіз жағдайлардың алдын алуға да септігін тигізетіні сөзсіз. Балаларымыздың демалыс, бос уақытын қалай өткізгеніне жіті назар аудару қажет.

– Нұрлыбек Машбекұлы, арнайы уақыт бөліп, кең көлемде сұхбат бергеніңіз үшін алғыс білдіреміз!

– Рахмет, халықтың әл-ауқатын көтеру – біздің негізгі міндетіміз. Оның үстіне туған жерге қызмет ету мен үшін үлкен мәртебе және екі есе жауапкершілік. Жоғарыда айтқанымдай, алға қойған міндеттер мен жоспарлар жетерлік. Енді осы бағыттағы жұмыстарды сапалы және уақытында жүзеге асыру үшін бар күш-жігеріміз бен мүмкіндіктерімізді жұмсайтын боламыз. Жетістікке жету үшін ең бірінші әр саланың, әр маманның, қоғамның қолдауы аса маңызды. Сондықтан біз бұл межелеген міндеттерді орындау үшін елмен бірге еңбек етеміз, қоғаммен кеңесіп әрекет қыламыз.

Сұхбаттасқан
Қуат ШАРАБИДИНОВ,
Жәнібек ИСАЕВ

Мал азығы:
Субсидия беруге негіз жоқ

Бүгінде агроөнеркәсіп кешеніне көрсетіліп жатқан мемлекеттік қолдаудың нәтижесінде облыстың ауыл шаруашылығы саласы тұрақты дамып келеді. Мемлекет тарапынан ауыл шаруашылығы тауарөндірушілеріне 47 түрлі субсидия берілсе, оның 25 түрі мал шаруашылығына тиесілі. Осының нәтижесінде өңірдегі мал басы төрт түлік түрлері бойынша жыл сайын 3-17% аралығында көбеюде. Сонымен қатар, өткен жылмен салыстырғанда ет өндірісі 1,8%-ке, сүт өндірісі 1,7%-ке, жұмыртқа өндірісі 3,1%-ке артқан.

Sb Биболат СӘТЖАН, «Сыр бойы»

Бір сөзбен, саланы қолдау шаралары үнемі жүргізіліп келеді. Дегенмен, облыстағы бірқатар шаруалар мал азығына қаржы бөлуді, жем-шөпті субсидиялауды талап етуде. Мәселеге байланысты өткен бейсенбіде Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Студенттер сарайында облыс әкімінің бірінші орынбасары Серік Қожаниязовтың төрағалығымен мәжіліс өтті. Мал шаруашылығына көрсетілетін мемлекеттік қолдау тақырыбындағы жиынға сала басшылары мен ардагерлер, облыстық мәслихат депутаттары, облыстық қоғамдық кеңес мүшелері және жалпы қоғам белсенділері қатысты.

«Былтыр берілді, биыл неге берілмейді?»

Мәжілісте көтерілген негізгі мәселе – «Шопан ата» Қазақстан Ұлттық мал өсірушілер қауымдастығының облыстағы құрылымдарының мал азығына қаржы бөлу туралы талабы. Жиында облыс әкімінің бірінші орынбасары Серік Қожаниязов өткен жылы ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдауға 12,9 млрд теңгеден астам қаржы бөлінгенін атап өтті.

– Биылдың өзінде саланы қолдауға 15,2 млрд теңгеден астам қаржы қаралып отыр. Бұл – үлкен қолдау. Оның ішінде мал шаруашылығына 4 млрд теңгедей қаржы бөлінді. Алайда, биыл мал азығы шығындарын өтеуге қаржы қаралмаған. Сондықтан бірқатар шаруалар тарапынан «былтыр берілген субсидия биыл неге берілмейді?» деген сауал туындап отыр, – деді Серік Салауатұлы.

Айта кетсек, мал азығына субсидия 2014-2016 жылдар аралығында әр мал басына республикалық бюджет есебінен беріліп келген. Ал, 2016 жылғы Ауыл шаруашылығы министрлігі бұйрығына сәйкес тек асыл тұқымды мал басына берілетін болды. Оған қоса, мәселені шешу жергілікті билік құзырына өтті. Яғни, бөлінетін қаржы да жергілікті бюджет мүмкіндігіне байланысты. Жиында облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Талғат Дүйсебаев қолдау шаралары өз деңгейінде жүргізіліп, саладағы өнім көлемі жыл сайын 2,5-3% көлемінде артып отырғанын айтты.

– Жыл сайын мал шаруашылығын дамытуға мемлекет тарапынан 3-4 млрд теңге көлемінде қаржы бөлініп келеді. Мал басын асылдандыруға, аналық мал басын сатып алуға, сүт өндіру құнын арзандатуға, қолдан ұрықтандыруға субсидия берілуде. Бұдан бөлек, инвестициялық субсидиялау бағдарламасы аясында ауыл шаруашылық техникасын алуға 25-30%, жайылымдарды суландыру, ұңғыма, құдықтар қазуға кеткен шығындардың 50%-ін субсидиялауға мүмкіндік бар. Сондай-ақ, мал шаруашылығымен айналысу үшін түрлі қаржы институттарынан алған несиелердің 10%-і субсидияланады. Нәтижесінде, шаруашылықтардың несие бойынша үстемақысы 6-7%-тен аспайды. Бұл да үлкен қолдау, – деді Талғат Тұрсынұлы.

Мұндай қолдау шараларының нәтижесі де ауыз толтырып айтарлықтай. Мысалы, 2014 жылы несие процентін субсидиялауға небәрі 403 шаруашылық қатысса, биыл 1289 шаруашылық қатысуда.

Жем-шөп екі есе арзандады

Талғат Дүйсебаев биыл мал азығына субсидия бөлінбеуінің себебіне де тоқталды. Өткен жылы орын алған қуаңшылық зардабынан мал азығы дақылдарының өнімділігі төмендеп, жем-шөп дайындауда көптеген қиыншылықтар туғызды. Бұл өз кезегінде мал азығы дақылдары бағасының күнделікті өсуіне әкеліп, жем-шөп құны екі есе қымбаттаған болатын.

– Қуаңшылыққа байланысты ҚР Үкіметінің резервінен мал азығына 1,7 млрд теңге, облыс бюджетінен 200 млн теңге қаржы бөлініп, облыстың 1100 тауарөндірушілеріне төленді. Биыл жергілікті бюджеттен мал шаруашылығын субсидиялауға 3,2 млрд теңге бөлініп, субсидия төлеу жұмыстары жүргізілуде. Сондай-ақ, былтырғы күту парағына түскен өтінімдерге сәйкес республикалық бюджеттен қосымша 744,9 млн теңге бөлініп, тамыз айында субсидия төленетін болады, – деді басқарма басшысы.

Бұдан бөлек, Сырдария өзеніндегі су тапшылығын жою үшін Үкімет резервінен 3,6 млрд теңге бөлініп, 21 канал тазалау, 52 ұңғыманы қалпына келтіру және бұрғылау жұмыстары жүргізіледі. Қашыртқы суларды қайта пайдалану және елді мекендерді аяқсумен қамтамасыз ету мақсатында 133 насос қондырғылары сатып алынуда.

Сондай-ақ, елді мекендерге 61 насос қондырғысы беріліп, 26 ұңғыманы бұрғылау, 14 каналды тазалау жұмыстары аяқталған. Көлдерді толтыру 75%-ке дейін жеткізіліп, шабындық пен жайылымдар суландырылған. Сонымен қатар, биыл ерте көктем айларында егіс алдында көлдер жүйесін толтыру арқылы 75,9 мың гектар шабындық жерлер суландырылып, малазықтық дақылдардың шығымы жақсарған. Нәтижесінде облыс бойынша малазықтық дақылдары былтырға қарағанда 4,9 мың гектарға артық егіліп, 71,3 мың гектарға жеткен.

– Сондықтан аймақта жем-шөп тапшылығы жоқ. Облыс орталығының өзінде шөп сататын орындарда жоңышқа 700-750 теңгеден сатылуда. Шаруашылықтарда баға 350-450 теңге аралығында. Былтыр нарықта жоңышқа бағасы 1200-1500 теңге аралығында, шаруашылықтарда 800 теңге болатын. Осылайша, шөп қоры жеткілікті, бағасы былтырғыдан екі есе арзан. Жем бағасы да айтарлықтай арзандады. Бұл ретте, мал азығын субсидиялауға жергілікті бюджет мүмкіндігі шектеулі. Ал, өткен жылдағыдай ҚР Үкіметі резервінен қаржы сұрауға ешқандай негіз жоқ, – деді Талғат Дүйсебаев.

Талдау түйінді шеше ме?

«Ауыл шаруашылығын дамытпай, бәсекеге қабілетті экономика құру мүмкін емес». Бұл – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың халыққа Жолдауында айтылған сөз. Бағдарламалық құжатта Президент бұл салада шешімін таппай келе жатқан өзекті проблемаларға жеке-жеке тоқталған еді. Алайда бүгінде ауыл шаруашылығының аяғына тұсау болып тұрған тағы бір үлкен мәселе бар. Ол – осы салаға бөлінетін субсидия мен басқа да мемлекеттік қаржылай қолдау көрсету кезінде жасалатын сыбайлас жемқорлық қылмыстары.

Осыған орай Мемлекет басшысы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігіне еліміздегі агроөнеркәсіптік кешендегі субсидиялау ісіне ауқымды талдау жүргізуді тапсырған болатын. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Талғат Дүйсебаев субсидиялау механизміне жүргізілген талдау қолданыстағы қағидалардың сыбайлас жемқорлық тәуекелдері жоғары екенін айқындап бергенін атап өтті.

– Сондықтан Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес елімізде субсидиялаудың басқа жүйесін енгізу бағытында жұмыстар жүруде. Бұл мәселе бойынша барлық аудандарда жиындар мен талқылаулар өткізіп, түсіндірме жасадық. Ұсыныстар әзірленіп, министрлікке жолданды. Өткен жылы бұл бағытта жүргізілген тексерулер қорытындысымен, жем-шөпке субсидия алған 72 шаруашылықтан 83 млн теңгені қайтаруға мәжбүр болып отырмыз. Себебі бұл шаруашылықтар жем-шөпті сатып алғанының дәлелдемесі ретінде тек шот-фактурасын ғана көрсетіп, оның растығын өз мойнына алған. Дегенмен, тексеру барысында шот-фактуралардың салық органдарына тіркелмегені, жалған құжат жасалғаны анықталып отыр, – деді басқарма басшысы.

Бұдан бөлек, тағы 130 шаруашылықтан осындай заңсыздықтар анықталған. Соның негізінде сот органдарына арыз беріліп, басқарма 170 шаруашылықпен соттасуға мәжбүр болып отыр. Оған қоса, ауыл шаруашылығы, жер қатынастары басқармаларының да бірқатар қызметкерлеріне қылмыстық іс қозғауға негіз болып, қазіргі таңда тергеп-тексеру амалдары жүруде.

Ашық және әділ жүйе қажет

Биыл мал азығын субсидиялауға бюджет мүмкіндігі де жоқ. Жиында облыстық экономика және қаржы басқармасының басшысы Нұрғали Қордабай баяндама жасап, негізгі көрсеткіштерді тізбеледі.

– Облыс бюджетінің мүмкіндігі шектеулі. Әрі жүктемесі жыл санап ұлғаюда. Қазіргі таңда 19,7 млрд теңгенің қажеттілігі бар. Оған қоса балалардың қауіпсіздігін, мұғалімдердің айлық жалақысын, сапалы білім беруді қамтамасыз ету секілді кезек күттірмейтін мәселелерді шешу міндеті тұр, – деді Нұрғали Қордабай.

Сондай-ақ, облыстық мәслихат депутаттары, облыстық қоғамдық кеңес мүшелері мал шаруашылығы саласына көрсетілетін мемлекеттік қолдау төңірегінде ойларын ортаға салды. Облыстық қоғамдық кеңес мүшесі Болат Нұрхожаев субсидиялауды толықтай автоматтандыру да мәселе туындатып отыр дейді. Саланы барынша ашық жасап, цифрландыру қолға алынды. Алайда осы тұста да ебін тауып, екі асап жүрген делдалдар жетеді.

– Себебі ауыл-аймақтардағы шаруа қожалықтарының барлығы цифрлы сауатты емес, барлығы компьютердің тілін, интернеттің қыр-сырын біле бермейді. Көп шаруа қожалықтары e-gov порталы арқылы өтінім берудің қарапайым қағидасын білмейді. Соның салдарынан ауыл фермерлерінің дені құжаттарын тапсыра алмай, субсидиядан қағылып қалып жатады. Бармақ бастылық та осындай жерден басталады, – деген Болат Нұрхожаев осындай қателіктер қайталана бермес үшін ауылдағы қарапайым шаруаларға түсіндіру жұмыстарын жүргізу керектігін алға тартты.

Қазақстан фермерлер одағы Қызылорда облыстық филиалының төрағасы Өмірхан Пашкенов субсидиялаумен ауыл шаруашылығы жеке айналысып отырғанын, басқармаға құжат өткізуде шаруалар үшін көптеген қиындықтар барын атап өтті.

– Ең болмаса, субсидияға құжат қабылдауды аудандарда, ауыл шаруашылығы бөлімдерінде де жүргізу керек. Мен бұл ұсынысымды Ауыл шаруашылығы министріне де айтқанмын. Биыл елімізде төрт облыста ғана мал азығына субсидия беріледі екен. Сондықтан облыс шаруаларының да мал азығына қаржы бөлуді талап етуі негізсіз емес. Алдағы уақытта осы мәселелерге барынша көңіл бөлінуі керек, – дейді ол.

Облыстық мәслихат депутаты Орынбасар Төлепов саланы ілгерілетудің тағы бір тетігі Агробанк құру екенін айтты. «Несиелендіру мәселесі сәтті шешім тапса, шаруалар жыл соңына дейін субсидияның ақшасын аламын деп құжат дайындамай, мал азығын уақытында несиеге алар еді», – деді Орынбасар Төлепов.

Жалпы, субсидия беруде мемлекеттің өзіндік ұстанған саясаты, кешенді тұжырымдамасы бар. Ауыл шаруашылығын қолдау, жұмыс орындарын ашу үшін қосымша қаражат бөлініп, қажетті жеңілдіктер жасалып отыр. Осының барлығын үйлестіретін тиісті министрліктер, жергілікті атқару органдары субсидиялау ісін қаншалықты айқын әрі ашық жүргізіп келеді? Мемлекет берген қаржыны кімдер, қалай игеріп жатыр? Субсидия мен жеңілдіктер қарапайым шаруалар үшін қолжетімді ме? Жиынға қатысушылар осы сұрақтар төңірегінде ұсыныстарын жеткізді.

Алдағы уақытта субсидиялау барысында жасалатын сыбайлас жемқорлықтың себептерін анықтау, тиімді жаңа жүйе қалыптастыру өте өзекті болып отыр. Жақын күндері талдау қорытындысымен бұл бағытта нақты өзгерістер енгізіліп, күшіне енетін болады.

БРИФИНГ

ЖОСПАР АУҚЫМДЫ, ЖАУАПКЕРШІЛІК ЗОР

Өңірлік коммуникациялар қызметінде Жалағаш ауданының әкімі Асқарбек Есжанов жыл басынан бері ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы бағытында атқарылған жұмыстар мен алдағы міндеттер жайында баяндады. Байқағанымыздай, ауыл шаруашылығы саласында уақыт талабына сай жаңа бастамалар қолға алынса, шағын кәсіпкерліктің айналасында жүзеге асырылып жатқан серпінді жобалар да аудан халқының тұрмыс әлеуетінің жақсаруына септігін тигізіп отыр.

Sb Ғазиза ӘБІЛДА, «Сыр бойы»

Бүгінгі нарықтық экономиканың қарқынды үдерісі ауыл шаруашылығы саласына көбірек көңіл бөлу қажеттігін алға тартып отыр. Демек сала жұмысын жаңа деңгейге көтеріп, жердің жайын, судың мүмкіндігін қаперге алып, егісті әртараптандыру мәселесі күн тәртібінде тұр. Сондықтан биыл ауданда жылдағы жоспардан бөлек, 73 гектар қант құмайы, 39 гектар соя, 5 гектар сұлы, 2,5 гектар қант қызылшасы секілді дақылдар егілді. Ал, негізгі дақыл – күріш егісінің көлемі 18501 гектарды құрайды. Жалпы аудан бойынша 35486 гектар жерге егіс орналастырылды.

Аймақ басшысының өңірде азық-түлік бағасын тұрақтандыруға байланысты берген тапсырмасы бойынша әр ауылдың мүмкіндігіне қарай көкөніс-бақша егіп, өнім алуы үшін бос жатқан жер 800-ден астам тұрғынға беріліп, 250 гектар жерге бақша дақылдары егілді. Айталық, Мақпалкөл ауылындағы «Ерәлі» шаруа қожалығы соңғы технологияны пайдаланып, тамшылатып суару әдісімен 31 гектардан астам жерге картоп, сәбіз, қызылша егіп, күтімге алды. Ал, бұрыннан алма өсіруге ден қойған «Құрманбай ата» шаруа қожалығында қазір алманың 5 түрлі сорты бар. Өнім облыстан бөлек, Нұр-Сұлтан, Ақтөбе қалаларына сатылып жатыр. Айта кетейік, қазіргі күні ең өткір қойылып отырған мәселе – аяқсуды үнемдеу, баяғыдай ас та төк ысырапшылдықты көтермейді. Сондықтан жаңа жағдайға бейімделіп, аяқсуды барынша үнемдеуді үйренуге тура келеді. Алдағы уақытта әрбір аудан тұрғыны көкөніс, бақша өнімдерін осы әдіспен егіп, өзін-өзі қамтамасыз етсе, бұл халыққа да, мемлекетке де пайда екені сөзсіз.

Аудан әкімі ауданда мал шаруашылығы да тұрақты дамып келе жатқанын айтады. Бүгінде жайылымдық жер тапшылығы туындап отырғанының бір себебі де осы. Расында, ауданда ірі қара 4,1%, жылқы 33,9%, түйе 2,5% көбейіп, ет өндірісі 0,7%, сүт өндірісі 1,3% артқан.

Ел экономикасына серпін беретін саланың бірі – шағын және орта кәсіпкерлік екені белгілі. Бұл тұрғыда ауданда тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 2571 болса, оның ішінде, 2379-ы немесе 92,5 проценті нақты жұмыс істейді. Ал, жыл басынан 290 кәсіпкерлік субъектісі ашылған.

Мемлекеттік және өңірлік бағдарламалар аясында, жеке қаражат есебінен 2 млрд 518 млн теңгеге 92 жоба қаржыландырылып, 168 жаңа жұмыс орны ашылған. Сонымен қатар, 1 млрд 79 млн теңгені құрайтын 51 жобаны қаржыландыру үшін микроқаржы ұйымдары мен екінші деңгейлі банктердің қарауына ұсынылған.

Кәсіпкерлік саласы бойынша көңіл қуантарлық жаңалық – 2018 жылдан бастап тоқтап тұрған мия тамырын өңдеу зауытының жұмысы қайта жанданып, заманауи, толық автоматтандырылған технологиямен жабдықталды. Зауыт осы жылдың қыркүйек айында толық іске қосылып, 190 жаңа жұмыс орны ашылады деп жоспарланып отыр. Бұл мақсатта қазір 300 тонна мия тамыры қоры жасақталды.

Жалағаш кенті тұрғындарын көптен бері толғандырып жүрген мәселенің бірі – теміржолдың үстінен өтетін жаяу жүргіншілер жолын салу болатын. Оның себебі, бүгінде 400-ге жуық бала теміржол арқылы өтіп, кент орталығындағы мектептерге қатынайды. Бұл әрине, балалар өмірі үшін қауіпті. Осы мәселе облыс әкімі тарапынан қолдау тауып, көпірдің жоба-сметалық құжаттары дайындалып, қаржыландыруға ұсынылды.

Ауданда қолға алынып отырған тағы бір жаңа бастама әлеуметтік бағыттағы бірқатар мәселелердің шешімін табуына септігін тигізері даусыз. Айталық, ауданнан шыққан білікті, дәулетті азаматтар бар, олар еліміздің әр қиырында, қоғамның әр саласында еңбек етіп жатыр. Бұл азаматтар қайда жүрсе де туған жердің өсіп-өркендеуіне тілекші, елдегі игі істерге үлес қосуға ынталы. Бастысы, ауыл әкімдері олармен байланыса отырып, қажетті жұмыстарды ұйымдастыруға көңіл бөлгені жөн. Аудан әкімінің айтуынша, осы жұмыстарды өз деңгейінде ұйымдастырған ауылдық округтерге бонус белгіленген. Нақтырақ айтсақ, аудан бюджетінен берілетін 20-30 миллион теңге көлеміндегі бұл сыйақы ауыл тұрғындарының әлеуметтік ахуалын көтеруге жұмсалады.

Баяндамада айтылғандай, жалпы аудан тұрғындары тарапынан көтерілген мәселелерді шешу мақсатында 2023-2025 жылдарға арналған үш жылдық перспективалық іс-қимыл жоспары әзірленген. Жоспарға алдағы уақытта іске асырылатын 9 млрд 142 млн теңгені құрайтын 137 жоба енгізілді. Бұдан бөлек, облыс әкімінің жанындағы кеңес қарауына 61 жоба ұсынылып, 53-і мақұлданған. Сонымен қатар, 2023 жылға іске асыруға жалпы құны 6 млрд 492 млн теңгені құрайтын 25 жоба дайын. Ал, 29 жобаның ЖСҚ әзірленуде, бұл жобалар инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым, газбен қамту, жолдарды жөндеу, сондай-ақ, мәдениет, білім, спорт саласын қамтиды.

Есепті кезеңде Жалағаш ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуында оң тенденциялар қалыптасқан. Атап айтқанда: өнеркәсіп өнімінің көлемі 84,4%, өңдеу өнеркәсібі 72,3%, инвестициялар тарту 17,3%, сауда 2,1%, ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 0,8%, құрылыс жұмыстары 2,7 процентті құраса, пайдалануға берілген тұрғын үйлер көлемі 2 есеге артқан.

Мұрат Ғазизұлы Саламатов 1942 жылы 31 шілдеде Жамбыл облысы Көктерек ауданы Бурылбайтал ауылында дүниеге келген.

Еңбек жолын 1959-1961 жылдары «Ақтөбемұнайбарлау» тресіне қарасты мұнай барлау экспедициясында бұрғылау жұмысшысы, бұрғышының көмекшісі болып бастаған.

1961-1966 жылдары Қазақ политехникалық институтында оқыған. 1967-1973 жылдары «Өзенмұнай» басқармасында, №2 аудандық инженерлік-технологиялық қызметте мұнай өндіру шебері, бастығы, 1973-1975 жылдары Маңғышлақ облыстық партия комитетінің өнеркәсіп бөлімінің нұсқаушысы, бірінші хатшының көмекшісі болған. 1975-1979 жылдары «Жетібаймұнай» мұнай-газ өндіру басқармасының бастығы, 1979-1981 жылдары Қазақстан Компартиясы ОК-нің ауыр өнеркәсіп бөлімінің нұсқаушысы, 1981-1986 жылдары «Маңғышлақмұнай» өндірістік бірлестігінің бас директорының орынбасары, 1986-1988 жылдары Құмкөл кен орнын жайластыру жөніндегі бас директордың орынбасары. 1988-1991 жылдары «Құмкөлмұнай» басқармасының бастығы, «Маңғышлақмұнай» өндірістік бірлестігінің бас директорының орынбасары қызметтерін атқарды.

1991-1994 жылдары «Оңтүстікмұнайгаз» өндірістік бірлестігінің бірінші бас директоры, 1994-1995 жылдары «Мұнайгаз» мемлекеттік холдинг компаниясының президенті болып қызмет етті. 1995-1997 жылдары ҚР Мұнай және газ өнеркәсібі министрінің 1-ші орынбасары болып бекіді. 1997 жылдың наурызынан «Қазақойл» Ұлттық мұнай компаниясының бірінші вице-президенті қызметін атқарды.

Мұрат Ғазизұлы Саламатов 1999 жылы 57 жасында қайтыс болды.

ӨЛМЕЙТҰҒЫН АРТЫНА ІС ҚАЛДЫРҒАН

МҰНАЙ МҰНАРАСЫНДА МАЗДАҒАН ШЫРАҚ

Отыз жылдан аса уақыттан бері Қызылорданың нәпақасы, берекесі болып келе жатқан мұнай өндірісі біздің өлкемізде қалай басталып еді?

Осындай сұрақ қойылса әңгіменің әлқиссасы «Құмкөлдің» қазығын өз қолымен қағып, Сыр бойындағы мұнайшылар мектебінің негізін салған Мұрат Саламатов есімінен басталуы әділдік әрі заңдылық сияқты көрінеді.

Кеңес дәуірінде қара алтыннан қаймақ сүзген Татарстан, башқұрт елі, шешен жері секілді біраз аймақтың берері азайып, бұрғылаушылар назары Сібірге қарай ауғанда қазынасын қойнына бүктеп жатқан жер қыртыстарын зерттеп-зерттеп, ішіне түйгендер «Құмкөл» мұнайы туралы сыр ашқан.

1985 жылдың 6 маусымында КСРО Мұнай өндірісі министрлігінің «Қазақ КСР-індегі «Құмкөл» кенішін іске қосу мен пайдалануға әзірлік шараларын ұйымдастыру» туралы бұйрығы шыққан. Онда геологиялық барлау жұмыстарының нәтижесінде сол кездегі Жезқазған облысы аумағындағы «Арысқұм» иінінен жаңа әрі болашағы зор кен орны табылғаны атап көрсетілген.

Қазақ Геология министрлігінің «ЮжКазгеология» бірлестігі жасаған жұмыстардың нәтижесінде көпқатпарлы «Құмкөл» кеніші ашылған.

Аталған бұйрықта «Маңғышлақмұнай» бірлестігіне 1987 жылдың 4-тоқсанында кеніште мұнай өндіруді қамтамасыз ететін кешенді шараларды атқару, 1986 жылдың 1 шілдесінен бастап «Маңғышлақмұнай» бірлестігінің құрамындағы дирекцияны Қызылорда қаласында құру тапсырылған.

1986 жылдың 17 желтоқсанында Қазақстан Компартиясы Қызылорда облыстық комитетінің бірінші хатшысы Е.Әуелбековтің төрағалығымен өткен жиында «Құмкөл» кенішін игеруге дайындық мәселесі қаралған. Жиналыс хаттамасындағы қатысушылардың тізімінде сол кездегі облыс, қала басшылары, «Маңғышлақмұнайдың» бас директоры А.Дергачев, Қазақ КСР Энергетика министрінің орынбасары Б.Нұржанов және «Маңғышлақмұнай» бас директорының орынбасары М.Саламатов есімдері аталады.

Қызылорда мұнай кенішінің тарихы осылай басталады, ал, оның алғашқы күнінен ыстық-суығын сезініп, ауырын арқалаған нар азамат Мұрат Саламатов болатын.

Сонау сексенінші жылдары Алматыдағы Қазақ политехникалық институтының мұнай факультетіне оқуға түскен қызылордалық талапкерлерге былайғылар: «Сендер мұнай факультетінде неғып жүрсіндер, Қызылордада мұнайдың өзі емес, иісі де шықпайды ғой. Басқа оқуға ауысып кетіңдер», – дейді екен. Айтатынындай бар, ол кезде мұнай тек Гурьев, Маңғышлақ жақта ғана болатын.

«1988 жылы Қазақстанның оңтүстік аудандарынан келген институт бітіруші студенттерді бір аудиторияға жинады. Саламатов деген кісі келеді деп күтіп отырдық. Біздің болашақта не істейтініміз туралы айтып, бағыт бермекші екен. Фамилиясына қарап басқа бір ұлт па дегенбіз, сөйтсек, жасы қырықтан шамалы асқан шамадағы әдемі, өңді қазақ екен. Ол бізге Құмкөл мұнай кен орнының ашылғанын, Оңтүстік Қазақстан мұнай барлау экпедициясы арқылы төменгі неоком түзілімдерінен мұнай алынғанын айтты. Біздің жас маман екенімізді, алған білімімізді осы кен орнын дамыту үшін жұмсап, қызмет етуімізге ұсыныс білдірді», – деп еске алады қызылордалық белгілі мұнайшы-кәсіпкер Мұрат Өтеев.

Осы естеліктің өзі Мұрат Ғазизұлының Құмкөл мұнайын игеруге қаншалықты құлшынысты еңбек сіңіріп, Қызылорда облысының ілгері дамуына үлес қосқанына бір айғақ бола алады.

«Маңғыстаумұнайгазбарлаудың» қырықшақты кен орнын барлап, жер қойнауындағы «қара алтын» қорын анықтағаны белгілі. Осы тарихи іске еңбегі сіңген үш адам – Қазақ КСР Геология министрі Ш.Есенов, экспедиция бастығы Х.Өзбекқалиев, бас геолог В.Токарев Лениндік сыйлыққа, олардан басқа да біраз сала майталмандарының КСРО Мемлекеттік сыйлығына, Қазақ ССР-нің Мемлекеттік сыйлығына ие болғанын білеміз. Әттең, біз үшін орындаушылар ортасынан табылған Саламатовтың марапат тізімінен көірнбеуі өкінішті.

Алайда, Мұрат Саламатовтың Қызылорда аймағына сіңірген еңбегі мен парыз адалдығы халық тарапынан бағаланды. Ел бұл есімді бүгінге дейін ауыздан ауызға көшіріп әкеле жатыр.

Сол кезде Саламатов «Құмкөл» мұнайын игеру жұмысына аса қажет болған кадр мәселесін шешу бағытында тынбай ізденіп, әрекет еткен. Әрине, мамандарды тұрақтандыру оңай болмаған. Мұнайшыларды Ақтаудан, Газлиден отбасыларымен көшіріп, оларға тиісінше жағдай жасауды қолға алған да Саламатов болған.

Қазіргі күні сол мамандар Сыр жеріне сіңісіп, қызмет атқарып келеді. Бұрын ешқандай өндірісі болмаған аграрлық өңірге мүлде беймәлім тың саланы игеру ерлікке тең іс еді. Осы қадамда кере тартқан садақтай жігерлі де, жүйрік ойлы Мұрат Саламатовтың біліктілігі, болашақта қандай бағытты қолға алу керектігін күні бұрын сезетін стратегтігі алға шықты.

1990 жылдың 9 мамырында жомарт жер «Құмкөл» алғашқы мұнайын берді.

Бұл уақытта Саламатов Маңғыстаумен, Алматымен, Мәскеумен тығыз байланысып, министрліктер арқылы қажетті құрал-жабдықтар алдыруға бар күшін жұмсады.

Жезқазғаннан 229 шақырым электр желісі тартылды, Қызылордадан 200 шақырым тас жол төселді, 214 шақырым «Құмкөл-Қарақайын» мұнай айдау құбыры салынды. Осы мехнатты өзі арқалап, осы машақатпен Саламатовтың өзі айналысты.

1991 жылдың жазында миллион тонна мұнай алған Қызылордаға КСРО Мұнай-газ министрі Л.Филимонов келеді. Сол жылы тек «Құмкөл» емес, басқа да кеніштерді игеру, жаңадан мұнай-газ кен орындарын барлау жөнінде Қазақстан Министрлер кеңесі арнайы қаулы қабылдаған. Соның негізінде «Сырдариямұнайбарлау» экспедициясы, «Құмкөл» экспедициясы құрылды. Жергілікті мамандар «Ащысай», «Оңтүстік Ақшабұлақ», «Блиновский» деген кеніштерді ашты. Құлазыған ку дала еңбек ырғағымен тербелді, мұнай мұнаралары менмұндалап, әлеуметтік құрылыстар сап түзеді. Мұның бәрі сөз жоқ, Мұрат Саламатовтың өз ісіне, азаматтығына адал болмысымен келген олжа еді десек, оған ешкім де таласпайды.

Бұл жерлерден еліміздің мұнай өндірісіне сүбелі үлес қосқан айтулы мамандар тәрбиеленіп шықты.

Саламатов алғашқы бірлескен кәсіпорындарды құруда көп еңбек сіңіріп, шетелдік әріптестермен интеграцияға жете мән береді. Бұл жаңа кәсіпорындардың, атап айтқанда «Торғай Петролеум» мен «ҚазГермұнай» компанияларының құрылуына, жаңа жұмыс орындарының ашылуына сеп болды. Сөйтіп, «Құмкөлден» басталған жол бүгінде халықаралық деңгейге жетті.

1996 жылдың тамыз айында облыста «Қызылорда-Құмкөл» кенішінің игерілгеніне 10 жыл және 10 миллион тонна мұнай өндірудің құрметіне салтанатты шара болып өтті.

Сол мәжілісте Мұрат Саламатов тебірене сөйледі. «Құмкөлдің негізін қалағандардың ұжымын қалыптастыру құрметінің маған бұйырғаны үшін, оның құт-қазынасын адамдарға ашып беру еншісінің маған тигені үшін өзімді бақытты сезініп, тағдырыма ризашылығымды білдіремін», – деді.

Шын мәнінде Мұрат Ғазизұлы маман не еңбеккер ғана емес, сол еңбегі арқылы мыңдаған жандардың жақсы өмір сүруіне себеп болған сом тұлға еді.

Құмкөлден кейін «Оңтүстікқазмұнайгаз» өндірістік бірлестігінің бас директоры, «Мұнайгаз» мемлекеттік холдинг компаниясының президенті, Қазақстан Республикасы Мұнай және газ өнеркәсібі министрінің бірінші орынбасары, «Қазақ-Ойл» ұлттық мұнай компаниясының бірінші вице-президенті болып қызмет жасады.

Қанша лауазымды қызметтерде жүрсе де қарапайым қалпын сақтады, себебі, оның қарапайым болмысында елге қызмет етсем деген арман болды, сол арманын орындады. Атақ-даңққа бой ұрмады. Марапаты да «Құрмет грамотасынан» аспапты.

Алайда, халық жақсы көріп, жадында тұтты.

2002 жылы Қызылордада маркасқа мұнайшы Мұрат Ғазизұлының 60 жылдығы атап өтілді. Қызылорданың үлкен даңғылына оның есімі берілді. «Құмкөл» кенішінде ескерткіш бюсті қойылды. Бұл шараларды ұйымдастыруға Есқожа Бергенбаев, Сүлеймен Атаниязов, Мұрат Үдербаев және басқа да әріптестері үлкен қолдау көрсетті.

«М.Саламатов ерекше тұлғалы ұлтжанды азамат, қазақи мінезді, ұлттық қасиеттерді бойына жинаған ірі тұлға болатын. Өзінің азаматтық борышын зор деңгейде атқарды, күні-түні демей, ыстық-суыққа төзіп, денсаулығының сыр беруі де соның салдарынан болуы керек, әйтпесе берері мол еді. М.Саламатов Қызылорда облысында мұнай өндірісінің үлкен жүйесін қалыптастырды, соның жемісін өңір тұрғындары көріп отыр. Көптеген азаматтарды тәрбиеледі, соның бірегейі – кезінде «Южнефтегаздың» бас инженері болып қызмет атқарған Алик Айдарбаев республикаға белгілі қоғам қайраткері атанды, үлкен басшылық қызметте жүр. Мұнай саласындағы көптеген ірі қызметтегі азаматтар оның сыйлас інілері, көбісі шәкірттері болатын», – дейді бір кезде Мұрат Ғазизұлымен бірге еңбек еткен белгілі тұлға, Шымкент қаласының құрметті азаматы, Қазақстанның құрметті құрылысшысы Алданазар Құрманбаев.

«1987 жылы «Құмкөл» мұнай кенішінің құрылыс жұмыстарын жүргізетін мекеме есебінде «Маңғышлақмұнайқұрылыс» тресінен ПМК-1 мекемесін бөліп алып, Қызылордаға көшірілді. Саламатов осы жұмысты маған тапсырды. Мен сол мекемедегі жұмысымды прораб, учаске бастығы, бас инженер болып бастап, сосын өзім басқардым. Бұл өсу жолыма бір-ер ай ғана уақыт кетті. Өйткені, Мұрат Ғазизұлы маған сенді, міндеттеді.

Ол кісі жергілікті кадрларды тәрбиелеуге маңыз берді. Жұмысшыларды оқуға жібердік, олар бұрғылаушы, мұнайшы-механик, скважина жөндеушісі секілді өзекті мамандықтарды меңгеріп оралды.

Мәкең өзінің жағдайына аса мән бермейтін. Қызылордада екі бөлмелі пәтерде тұрды. «Жер алдық, үй салып алсаңызшы» деп кеңес бергенбіз. Ол жерлерді Мәкең көпбалалы отбасыларға бөлгізді.

Мәкең шешендік сөздерді көп оқитын, майын тамызып айтуға да шебер еді. Жұмысына өте тиянақты, талабы күшті, жаны бай адам», – дейді Қазақстанның құрметті құрылысшысы, Қызылорда қаласының құрметті азаматы Марат Қожабеков.

Қызметтес болған, қатар жүрген азаматтардың бұл пікірлері де Мұрат Саламатовтың бейнесін аша түскендей бізді қызықтыра түседі.

Өмір заңы, Хақ бұйрығы – біздің еркімізден тыс тылсым. Елінің жарқын ертеңін мұрат қылған ер болмысты Мұрат Ғазизұлы бейнеттің зейнетін көрер шағында дүниеден өтті.

Асыл азамат көңілі өскен сәттерде халық әндерін әуелете шырқайды екен. Бұл оның жан-дүниесінің түкпіріндегі туған халқына деген махаббатының бір нышаны болса керек.

Алыстан қараған кісі болса, «Құмкөл» жақтағы мұнаралардан шырақ сәулесі төгіліп тұрған бір суретті көрер еді. Бұл бәлкім, Мұрат сынды асыл тұлғаның жан әлемінен тарап жатқан шырақ шығар...

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ,
«Сыр бойы»

Әр жылдардағы лебіздер

«...Мәкеңнің еліне қалдырған ірі еңбегі, өшпес қолтаңбасы «Құмкөл» кен орны. Сыр бойы мұнайлы өңірге айнала бастады. Жергілікті кадрдан жұмысқа тартып, оқытып, үйрету арқылы тұрақты мұнай мамандары қалыптасты. Нәтижесінде, іскер, беделді басшының арқасында «Құмкөл» кеніші, өзіміздің ұлттық кадрдың көбірек қатысып, араласуымен, қысқа мерзімде игерілді».

Нұрлан Балғымбаев,
бұрынғы ҚР Премьер-министрі (1997-1999),
ҚР Мұнай және газ өнеркәсібі министрі).

«Батыс Қазақстанның кеніштерін айтпағанда Оңтүстік даласындағы бір «Құмкөл» кенішін қысқа мерзімде өз күшімізбен игеру – Қазақстанда мұнай саласында шетелдіктермен иық тірестіре алатын тәжірибелі мамандар мен басшылардың бар екендігін, олардың қатары жылдан-жылға өсіп келе жатқандығын көрсетті».

Төлеген Хасанов,
бұрынғы
«Оңтүстікмұнайгаз»
АҚ-ның бас директорының орынбасары.

«Маман жігіттің іскерлігін, ұйымдастырушылық қабілетінің зор екенін, шаршап, шалдығуды білмейтін Саламатовтың әрбір ісіне риза болған Еркін Әуелбеков айына бір рет облыстық басқармалар, мекеме басшыларын жинап, Саламатовтың атқарып жатқан ісін өзіне баяндататын».

Есқожа Бергенбаев,
бұрынғы «Харрикейн Құмкөлмұнай» АҚ президентінің орынбасары.

«Мен мұнайшы болмағанда жазушы болатын едім. Кейде түсімде өлең шығаратыным бар. Бірақ таңертең тұрғанда ұмытып қаламын», – деп күліп алды.

...Ақындардың ішінен неге екені белгісіз Мұқағали Мақатаевты пір тұтатын. Екеуміздің тағдырымызда бір ұқсастықтар бар дейтін. Ақынның екі томдық таңдамалы кітабынан өзі белгілеп қойған беттерден өлеңдер оқитын.

Мәкең бізді осылайша ұлы ақындармен ұйытып тастап отыратын».

Сағын Тәжікенов,
бұрынғы «Сайман» АҚ бас директоры.

«Үлкен ұстазымыздың – Мәкеңнің айтқан сөзі әлі есімде: «Дүние төңкеріліп жатқанға ұқсайды. Одақ тарап, бәрінің берекесі кетіп, техника талан-таражға түсіп, әркім ойына келгенін істеп жатыр. Жеке байлықтан гөрі батырлық жасауға ұмтылыңдар».

Ұстаздың бұл өсиеті кез келген адамның пенделігіне тосқауыл болатын, дәл уақытында айтылған сөз еді. Бұл сөз аяулы ұстаздың «әр пендеде болатын нәпсіңді тыя жүріп, жұртқа ортақ іс жаса, ерлік қыл», – деген сөзі еді. Солай деп түсінген біздер қателеспеген екенбіз».

Сүлеймен Атаниязов,
«Құмкөлқұрылыс» АҚ-ның президенті.

Еңбек дауы туындаса...

Кейінгі кездері жұмыскерлердің жалақы мөлшерін көбейтуді талап етуі ұжымдық дау туындауының негізгі бір себебі болып отыр. Бұл әлеуметтік ахуал тұрақтылығының бұзылуына әкеп соғуы мүмкін.

Осы орайда, облыс әкімдігі еңбек жанжалдарын уақытылы болжау және жол бермеу бойынша мониторингтік топ құрып, топ анықтаған резонансты жағдай туындатуы мүмкін кәсіпорындар туралы ақпараттар ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жанындағы ахуалдық орталыққа хабарлануда. Облыстағы еңбек ұжымдарында туындаған даулы мәселелер үшжақты әлеуметтік әріптестік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі комиссия мәжілістерінде қаралып, олардың оңтайлы шешілуіне ықпал етіледі.

Жыл басынан бері облыстың үш ірі мұнай компаниясында жұмыскерлердің жалақы мөлшерін көбейтуді талап етуіне байланысты наразылықтар болды. Мәселелер жергілікті уәкілетті мемлекеттік органдардың қатысуымен жұмыс беруші мен жұмыскерлер арасында жүргізілген келіссөздер аясында қаралып, нәтижесінде оңтайлы шешімдер қабылданып, әлеуметтік ахуал тұрақтанды.

Жұмыскерлер тарапынан табысты арттыруға қатысты мәселелер жиі туындауына байланысты ұжымдық еңбек дауларының шешу жолдары жөнінде еңбек заңнамасының талаптарын түсіндіріп өтейін.

Ұжымдық еңбек дауы дегеніміз – жұмыскерлер мен жұмыс беруші арасындағы еңбек жағдайларын белгілеу мен өзгертуге, әлеуметтік-еңбек қатынастарының мәселелері бойынша ұжымдық шарттарды (келісімдерді) өзгертуге және орындауға байланысты (жалақыны қоса алғанда) реттелмеген келіспеушіліктер. Дау жұмыскерлердің талаптары туралы жұмыс берушіні жазбаша хабардар еткен күннен бастап туындаған деп есептеледі. Жұмыс беруші жұмыскерлердің қойған талаптарын алған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей қарауға және оларды шешу үшін шаралар қабылдауға, көрсетілген мерзімде шешу мүмкін болмаған кезде, туындаған келіспеушіліктерді одан әрі қарау үшін өз өкілдерін көрсете отырып, өздерінің шешімдері мен ұсыныстарын жұмыскерлерге жазбаша түрде жеткізуге міндетті.

Жұмыскерлердің талаптары жалпы жиналыста қалыптастырылады және бекітіледі. Жиналысқа ұйым жұмыскерлерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп танылады. Оның шешімі қатысушылардың кемінде үштен екісі қолдап дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі. Жиналыс өткізу мүмкін болмаса, жұмыскерлердің өкілді органының өзі ұсынған талаптарын қолдауға жұмыскерлердің кемінде үштен екісінің қолтаңбасын жинап, өз шешімін бекітуге құқығы бар.

Көрсетілген талаптарды әртүрлі жұмыс берушілердің жұмыскерлері қойған жағдайда, бұл талаптарды кәсіптік одақтардың салалық немесе аумақтық бірлестіктері не жұмыскерлер уәкілеттік берген өзге де жеке және заңды тұлғалар ұсынуы мүмкін. Жұмыс беруші жұмыскерлердің талаптар қою жөнінде жиналыс өткізуіне кедергі келтірмеуі тиіс. Талаптарды шешу мүмкін болмаған кезде, олар татуластыру рәсімдері тәртібімен қаралады. Тараптар ұжымдық еңбек дауын қараудың кез келген сатысында делдалға жүгіне алады. Делдалдық рәсім татуластыру комиссиясындағы, еңбек төрелігіндегі татуластыру рәсімдеріне қарағанда дербес болып табылады және солармен қатар жүргізілуі мүмкін.

Ұжымдық еңбек даулары мынадай реттілікпен шешіледі: жұмыс беруші (жұмыс берушілер бірлестігі) шешу мүмкін болмаған жағдайда татуластыру комиссиясы, онда келісімге қол жеткізілмеген кезде еңбек төрелігі, ол реттемеген мәселелер бойынша соттар қарайды.

Татуластыру комиссиясы – жұмыс беруші мен жұмыскерлер өкілдерінің тең санынан тепе-теңдік негізде тараптардың бірлескен шешімімен құрылған орган. Татуластыру комиссиясында келісімге қол жеткізілмеген кезде оның жұмысы тоқтатылады, даулы шешу үшін еңбек төрелігі құрылады.

Еңбек төрелігін ұжымдық еңбек дауының тараптары татуластыру комиссиясының жұмысы тоқтатылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде құрады. Оның мүшелерінің саны, дербес құрамы, еңбек дауын қарау тәртібі тараптардың келісімімен тепе-теңдік негізде айқындалады. Еңбек төрелігі кемінде бес адамнан тұруға тиіс. Құрамына мемлекеттік еңбек инспекторы кіреді. Еңбек төрелігінің шешімі ол құрылған күннен бастап жеті жұмыс күнінен кешіктірілмей төрелік мүшелерінің қарапайым көпшілік даусымен қабылданады.

Татуластыру комиссиясы және Еңбек төрелігінің жұмысы туралы толығырақ ҚР Еңбек кодексінің 165, 166-баптарында баяндалған. Комиссия мүшелері ұжымдық еңбек дауын шешу жөніндегі келіссөздерге қатысқан уақытта жалақысы сақтала отырып, жұмысынан босатылады.

Жұмыскерлердің, олардың бірлестіктерінің ұжымдық еңбек дауын шешуге қатысатын өкілдері дауды шешу кезеңінде тәртіптік жазаға тартылмайды, басқа жұмысқа ауыстырылмайды немесе солардың өкілдік етуіне уәкілеттік берген органның алдын ала келісімінсіз жұмыс берушінің бастамасы бойынша олармен еңбек шарты бұзылмайды.

Ұжымдық еңбек дауының тараптары қол жеткізген келісімдер жазбаша нысанда ресімделеді. Тараптар арасында даудың шешілуі туралы келісімге қол жеткізу, егер ереуіл жарияланған болса, оның тоқтатылуына алып келеді. Тараптар еңбек дауының бейбіт, тиімді шешілуіне мүдделі болуы тиіс.

ҚР Еңбек кодексінің 176-бабында ереуілді заңсыз деп тану туралы бірнеше негіздер көрсетілген. Ереуілді заңсыз деп тану туралы шешімді сот Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қабылдайды. Заңсыз ереуілге қатысудың заңмен белгіленген жауапкершілігі болады.

Бауыржан ШАМЕНОВ,
облыстық бақылау жөніндегі басқармасының басшысы

Азамат ердің «Айбыны»

– Бұл – жауынгерлік әзірлікте, әскерлерді жоғары жауынгерлік даярлықта ұстауда, әскери және қызметтік борышын атқару үстінде көрсеткен батылдығы мен жанқиярлығы, сондай-ақ, мемлекет мүддесін қорғау кезінде жасаған ерлігі үшін берілетін марапат. Мұхит Қайратұлы, сіз өскелең ұрпақ пен еліміздің барша азаматтарына аянбай қызмет етудің, айрықша еңбексүйгіштіктің және нағыз патриотизмнің жарқын үлгісін көрсеттіңіз. Сіздің қиын сәтте жеке құрамды ұйымшылдықпен басқарып, қылмыскерлерді ұстау барысындағы батыл әрекетіңізді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өз Жарлығымен II дәрежелі «Айбын» орденіне лайық деп таныды, – деді аймақ басшысы.

1-бет

Сондай-ақ, облыс әкімі батырдың әкесі Қайрат Төлебекұлы мен анасы Бақытгүл Әкімбайқызына отаншыл, патриот азаматты тәрбиелеп өсіргендері үшін алғыс айтты.

Жиында сөз алған марапат иесі қоғамға қосқан үлесінің бағаланғанына, еңбегінің ел-

енгеніне алғысын білдірді. Мемлекет басшысына, облыс әкіміне, қызметтегі басшылық құрамына ризашылығын жеткізді.

– Менің бойыма патриоттық сезімді жас күнімнен сіңірген, елге қалтқысыз қызмет етуге үндеген, бүгінгі биігіме шығуыма ықпал еткен ата-анама айтар алғысым шексіз. Шынын айту керек, әрбір қазақстандық секілді мен де елім үшін талмай еңбек етемін. Әскери қызметкер болғандықтан бейбітшілік, тұрақтылық үшін алдыңғы шептен көрінуге даярмын. Елеп-ескерген барша жанға айтарым алғыс. «Ер – елдің қорғаны» деген қазақта аталы сөз бар. Ел тыныштығын қас қақпай күзеткен сарбаздар қысылтаяң шақта халыққа қорған болды. Бүгінгі мерейлі мезет барлық жауынгерлерге жұғысты болсын, – деді Мұхит Аманбаев өз сөзінде.

Іс-шарада оған Ұлттық ұлан ардагерлер кеңесінің атынан қазақтың қара домбырасы тарту етіліп, ақжарма тілектер айтылды. Бұдан соң, бұлбұл дауысты әншілер кешті әуезді әнмен әрледі.

Республикалық «Tartyl Fest» турникте тартылу спорт фестивалі Қызылорда қаласында тартысты өтті. Облыс әкімдігінің қолдауымен «Дара» дарындыларды қолдау қоры ұйымдастырған сайыс барысында 307 адам бақ сынады.

Sb **Әділжан ҮМБЕТ,**
«Сыр бойы»

Шымырлар шыңдалған фестиваль

Қала тұрғындары кешкілік мәдениет және демалыс паркіне жиналды. Жарысқа қызылордалықтар тарапынан қызығушылық ерекше болды. Оған қатысуға ниет білдірген азаматтар арасында ең егдесі 75 жаста болса, ең кішісі 6 жаста.

Іс-шараның ашылу салтанатында облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтағанов бұқаралық сипат алған сайыстың жоғары деңгейде өтетініне сенім білдірді.

– Талай таланттарға жол ашқан Сыр өңірінде сергектікті серік еткен жастар аз емес. Олардың арасында жоғары көрсеткішке қол жеткізуге мүмкіндігі бар азаматтар жетерлік. Сондықтан оларға зор сенім артамыз. Бүгінгі бәсеке тартысты өтеді деген сенімдемін, – деді облыс әкімінің орынбасары.

Биыл 75 жасқа келген Александр Ким қарттығына қарамастан сайысқа қатысуға бел буған екен. Турникке тартылу барысында жас кезінде бұл спортқа жақын болғаны көрініп тұрды. Ол кісі 16 мәрте тартылып, көпшілік тарапынан қошеметке ие болды.

– Мен жас кезімнен спортқа жақынмын. Әлі де сергектікті серік етіп келемін. Соның арқасында денсаулығыма айтар шағымым жоқ. Жастарға айтарым, әрдайым спортқа жақын болсын, – дейді ол.

Сондай-ақ, 6 жастағы Жандәулет Бағдатұлы 16 мәрте тартылып, жарысты ұйымдастырушылар тарапынан оң бағасын алды.

Сайыс үш сағаттай уақыттан кейін мәресіне жетті. Ұйымдастырушылар жүлдегерлерді анықтауға назар аударды. Қатысушылардың кейбірі бірдей көрсеткішке жетті. Сондықтан олар тағы бір мәрте бақ сынауға мүмкіндік алды. Сол арқылы жеңімпаздар мен жүлдегерлер анықталды.

Айта кетерлігі, қызылордалық сайыскерлер арасынан 18-30 жастағылар (65-80 келі) аралығында сынға түскен Ақберен Қуандықов бұған дейінгі рекордты жаңартуға жақын қалды. Ол турникке 40 мәрте тартылды. Ал 25 жастағы Елжан Меңлібаев пен жасөспірімдер санаттағы Родион Цой әрқайсысы 38 ұпайдан жинады. Айта кетсек, бұдан бұрын шымкенттік тұрғын Азамат Сапар турникте 41 рет тартылып, рекордтық көрсеткішке жеткен еді.

Фестиваль соңында көпшілік эстрада жұлдызы Мирас Жүгінісовтің қатысуымен өткен концертті тамашалады.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлерді Қызылорда қалалық мәдениет бөлімінің басшысы Жағыпар Тәжмаханов, «Дара» таланттарды қолдау қорының басшысы Нұрлан Қоянбаев, жоба амбассадоры, қоғам қайраткері, жаттықтырушы әрі актер Айтым Жақыпов марапаттады.

Еске салсақ, «Tartyl Fest» турникте тартылу бойынша республикалық спорт фестивалі Қонаев қаласында басталған болатын. Бұған дейін Талдықорған, Алматы, Тараз, Шымкент, Түркістан қалаларында жалғасын тапты. Фестиваль еліміздің 20 қаласында ұйымдастырылып, әр қаладан 27 жеңімпаз анықталады. Олар Нұр-Сұлтан қаласында өтетін гранд-финалға қатысады деп күтілуде.

Гранд-финалдың жүлде қоры – 54 млн теңге. Ал, гранд-финал чемпиондары Street Workout бойынша Әлем чемпионатына қатысады.

ӨТКЕН КҮН ӨРНЕГІ

ЖАЛАЛЫ ЖОРЫҚ

Ауыл жүдеу. Екі үйдің бірінен түндігінен ашы түтінмен араласып жоқтау көтеріліп жатады. Қалыштың үш баласы бірдей соғысқа аттанып еді. Пазылхан ауылға келгенде ағалары әлі оралмапты. Ауылға қайтқандардың бірі ақсақ, бірі шолақ. Қос бауыры Әмірхан мен Батырханды көрдім дегені жоқ.

Sb **Дүйсенбек АЯШҰЛЫ,**
«Сыр бойы»

– Ағаларың қайда, ерке бала-ау?! – деп Айнакүл аңырап отырды. Жазмыштан озмыш жоқ, көндікті бәріне. Кеудесін кере бір тыныстап, тіршілікке кірісті.

Пазылхан маңдайыма жазылғанды көрейін деді. Себебі ел ішінде «Власовтың армиясында болыпты, тұтқынға түсіпті» деген сөздер де естіліп қалды. Соғыстан шайлықпаған жүрек қаңқу сөзден қаймықпады. Аршаш атты Көзей қызына үйленді. Ол той жасап, кәде қылатын кез бе? Ағайындарға бір ешкіні сойып, батасын алды. Болды.

Бір күні үйге «Вилс» мінген, әскери гимнастерка киген бір кісі келді.

– Сіз Қалышевсыз ғой.

– Қалышевпын.

– Мен Құрақбаевпын, ерекше бөлімнің өкілімін. Ертең ертелеп ауданға келіңіз.

Ертеңіне ауданға барды. Сұраққа ала бастады.

– Сіз неміс тұтқынында болдыңыз ғой.

– Болдым.

– Жуантөбеде болдым дегендей жайбарақат айтасыз ғой.

– Сен тұтқында болсаң, осы сөзді айтуға тілің келмес еді, Құрақбаев!

– Сіз халық ішкі істер комитеті өкіліне бұлай сөйлемеңіз. Мен тұтқынға түспес едім!

– Ешкім де мені тұтқында деп неміске сұранып бармайды.

– Тұтқында болған екенсіз, Қалышев, тағы да болыңыз. Сізді тұтқындаймыз. Отанынан бас тартушылар есебінде. Сосын неміспен қалай байланысқаныңызды тексереміз.

Сол күні сот болды. Сотта төрт-ақ адам отырды. Құрақбаев сотта сауатты сұрақтар қоя алмады, бар білгені тағы қандай тыңшылар бар дегені. Үкімді де оның өзі емес, хатшысы оқыды. Сөйтіп Отан үшін от кешіп келген Пазылхан Қалышев «неміс тыңшысы» деген жаламен 25 жылға сотты болды.

Тағы да соғысқа бара жатқандай эшелонға тиеді, баратын жағы белгісіз. Бір кезде Сібірден бір-ақ шықты. Мына тағдырды қараңызшы, дәл Сібірде соғысқа бірге аттанып, тұтқында бірге болған тартоғайлық Бектұрған ағасымен кездесті. Оны да айдап әкелген екен. Тағы да тікенек сымды қораға тоғытты. Бұл немістің емес, советтің тікенегі. Мылтықпен дүмбілеп апарып, ағаш кестірді, оны сүйреп тасытты. Итпен күзетті.

...Бірер айдан соң оңтайлы сәтте сым қоршаудың алдын ала діттеп жүрген осал тұсын қиып, түн жамылып бес адам тысқа шықты. Ешкім сезбеген сияқты. Содан өкпелерін қолдарына ұстап жүгіре, жүгіре орманға келіп жетті. Орман – пана, орман – ана болды.

Бұл азапты жолда Пазылхан мен Бектұрған қандай оқиғаларға кезікпеді. Кейбір

сатып кеткісі, ұстап бергісі келгендер де табылды. Жолда оларға топтасып жүрудің қауіпті екені сезіле бастады. Сөйтіп бұлар Бектұрған екеуі топтан бөлінді. Алла жар болсын, содан кейін сол қандыкөйлек жолдастардың Пазылхан мен Бектұрғаннан басқасы бір-бірімен бұл жалғанда жолығыспады. Ал, екеуі тағы Сыр бойына табандарын тигізіп, екі айрылды. Пазылхан бір жыл сегіз ай уақыттан соң отбасына келіп кірді.

Мәрия апасы жетті жылап. Әмірханнан айрылыпты бұл әулет. Батырхан бауыры аман оралыпты. Өзін ұстап кетерде еңбектеп жүрген Дүйсенкүл сөйлеп қалыпты. Айнакүл әжесінің қолына берген екен. Сол үйдің қызы. «Аға келді» десе, жымияды да қояды. Әке деп ұмсынбайды.

«Жалғыз құдайға не жаздым», – деп жылап отырған Айнакүлдің етегіне тығылады. Әрі жат, әрі жақын адамына қайта-қайта қарағыштайды.

Осы тұста оқиғаны үзе тұрып, осы бір ғазиз жан туралы айта кетейін. Бұл әулеттің барлық баласы Айнакүл әженің баласы болып өсті. Өзінің құрсағынан шыққан жалғыз бала Үкіметханды үкілеп бағып еді, ол да шетінеп кетті. Қалышқызы Мариядан туған Шәрі бүгінде сексен жастан асты.

Бірақ, солардың бәрі Айнакүл әженің мейірімімен бой түзеп, өмірге енді. Ол кісінің өзі бір кезде бастауыш комсомол ұйымының хатшысы, аудандық партия комитетінің бюро мүшесі болған кісі. Ферма меңгерушісі де болды. Осының бәрі әйел кісіге аз жүк емес, Айнакүл әже әйтсе де ешқандай жұмысты ауырсынбаған. Ең ауыр салмақ ол кісінің жүрегінде еді, ер азаматы Әмірханның соғыстан оралмауы болды. Өмір бойы ерін күту қандай азапты тағдыр?!

Алла әжемізге мықты рух сыйлапты. Пендешіліктен аулақ болып, жар сертіне адал кейпінде қалды.

Қазір Ақтоған ауылының сыртындағы қорымда Айнакүл әже жерлеген бейітте өзімен бірге Әмірхан әкенің де атыжөні мен суреті қойылып, белгі орнатылған. Шын мәнінде бұл бейітте тұрған Әмірхан әкенің суреті ғана, ал, сүйегі жоқ. Бұл ұрпақтарының ендігі жерде ерлі-зайыптылардың рухы табыссын деген ізгі ойы болатын. Әр нәрсе Аллаға аян.

Келісті кісі еді, бір емес, бірнеше үйдің баласы анасындай сүйген аяулы жан 1992 жылы өмірден озды.

...Сонымен, қуғыншылар Пазылханның үйіне бірнеше мәрте келіпті. «Қашқынды тауып беріңдер» деп қазанды төңкеріп, отты шашып кетіпті. Бұл жұрттың жан-жағына қарап, алаңсыз тіршілік қамын күйттеген, соғыс деген сөзді санадан сырып, қара бас қамына кірісіп кеткен 1951 жыл еді.

Қойшы, әйтеуір, тағы да сот, тағы сол төрт адам. Тағы да түрмеге айдады. Сапар алыс болмады. Пойызға отырғызды да Қарағандыға әкеліп түсірді.

Осы жерде бір күтпеген оқиға болды. Екеуі осы сапарға келісіп алғандай Бектұрған ағасы жүр!

...Бұларды түрмеде қара жұмысқа салды. Жұмыстың негізгісі вагонға көмір тасу. Азаннан кешке дейін күрекпен көмір лақтырады. Үсті-бастары көрден шыққаннан әрі болып, тар қапасқа кіреді. Күріш ботқа, сылдыр сорпа, қара нан. Күнара Бектұрған екеуін сұрақтың астына алады. Сол баяғы сұрықсыз сұрақтар.

Бір күні Пазылхан түс көрді. Түсіне ақ сақалды шал енді. «Балам, бұл жерден құтыл», – деді де ғайып болды. Оянып кетті. Бектұрғанға айтты:

– Менің бұл жерден кетуім керек, аға.

– Қалай?

– Қалай болса да...

Екеуінің бірдей қашуы неғайбыл. Өйткені түрме қарауылы күшейтілген.

Сонымен, Пазылхан бір түнде тікенек сымнан шығып, «ал, қайдасың ауыл» деді. Соғыстың тозағынан, Сібірдің тұзағынан құтылып келген оған бұл әрекет аса қиынға түспеді. Сол кезде түрмеден қашып жатқандар да, қайта ұсталып келіп жатқандар да жетерлік. Кеше Пазылхан осы Отанның тыныштығы үшін басын бәйгеге тігіп еді, енді өз тыныштығын іздеп бас сауғалады. Бұл жердегі адал жазықсыз жандарға көренеу қорлық, көзден шыққан нақақ жас болды.

Тағы да үй-жайымен қауышты ер Пазылхан. Бірақ араға көп уақыт салмай Құрақбаев қайта тұтқындады.

Соғыстан қашқан жоқ, елге қарар бет жоқ дейтін кінәсі не? Қисынсыз жаланың қыл шылбырынан қашты. Бірақ Қалышевқа бұл жолы бұрынғы айыптарының үстіне «диверциялық әрекеттерге қатысы бар» деген жала жапсырылды, ату жазасына кесті. Оны тексеріп жатқан әділ үкімет қайда? Сот солай деді ме, болды.

Тағы да Қарағандыға әкеліп түсірді. Ағасы жалғызсырап, азып кетіпті. Пазылхан ауылдың амандығын біліп қайтуға барып-келіп жүргендей екеуі армансыз сырласты. Бірбірін құшақтап ауыр күрсініп, арқаларынан қағысты. «Мені ату жазасына кесті» дегенде Бектұрған қатты шошынды.

– Қорықпа, аға, мен көрер жарығым бар екеніне сенем. Осы жалақорлар Алла-аруақтардан күшті емес. Бір Құдай біледі, түсімдегі аян анық келеді. Аталарым аян арқылы менің сегіз перзентім болатынын айтқан.

Осы сөзді естігенде Бектұрғанның көңілі жай тапты.

Бір күні түрмеден у-шу шықты. «Түрмедегілер түгел көтеріліп, қарауылдардың қаруын тартып алып, офицерлерді ұрып-соғып жатыр», – деді дәрігер алқынып. Пазылхан іле орнынан қарғып тұрды да, төбелес легіне қосылды. Мылтық ұстаған қарауылдар соғыс көрген соқталдай азаматтардың қасында түйелі қойшыдай-ақ қауқарсыздығын көрсетіп, бет-бетімен қашты. Түрмедегілердің аузындағы сөздер мынадай: «Әділдік жасасын!», «Сталин өлді!», «Коммунистік партия жасасын!» «Құғын-сүргін тоқтатылсын!».

Осы күні барлық КСРО түрмелерінде жаппай тәртіпсіздіктер орын алды. Жаламен отырған көптеген соғыс жауынгерлері түрмеден қашып кетті. Бұл репрессиялық саясат жүргізіп, кеңес одағын қан қақсатқан Сталиннің өлген күні, 1953 жылдың 5 наурызы еді.

Сонымен, Қарағанды түрмесіндегілер де түгел болмаса да, бытырай қашты. Пазылхан мен Бектұрған тағы да бостандыққа шықты. Олар көбіне түнделетіп жүрді. Жүре келе айдалада бір қойшының үйіне кезікті. Тамақ ішіп әлденді. Қойшы екеуіне астындағы атын берді. «Елдеріңе жақындаған соң босатып жіберіңдер, өзі келеді», – деді.

Сонымен, екеуі атқа мінгесіп жолға түсті, жолға жетерлік азық алды. Бір апта жүріп Қаратаудың етегіне келіп жетті. Осы жерде атты босатып жіберді. Жануар әудем жер барып, артына қарап бір кісінеді де, басын қиғаштап шаба жөнелді.

Жылқы екеш жылқы да бұлардың тағдырына алаңдағандай еді. Осы тұстан ағасы екеуі екіге бөлінді. «Маңдайымызда тағы қандай тағдыр тұр, енді қайтып көрісеміз бе, жоқ па?» деп бір-бірін кеудесіне басып, көздеріне жас алды...

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп,
«ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы
«Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша
8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”. | e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz | Таралымы 24308 | Тапсырыс №1248 | Кезекші редактор **Айсәуле ҚАРАПАЕВА**